**"Өзін-өзі тану" рухани- адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 293 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 мамырда № 13735 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 38-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі

жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрі Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
1-қосымша

**"Өзін-өзі тану" пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы " Өзін-өзі тану" пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек " Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада барлық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдары қызметкерлерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, олардың орынбасарларының біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты барлық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдарының қызметкерлерін, білім беру ұйымдары басшыларын, олардың орынбасарларын өздерінің адамдық және кәсіби парыздарын қайта пайымдау арқылы және жаңа білімдерді практикалық кәсіби қызметте қолдану жолымен "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасымен таныстыру болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты: жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тыңдаушы тұлғасын рухани-адамгершілік тұрғысынан өзгерту, оның рухани-адамгершілік әлеуетін ашу, педагогикалық кадрлардың, білім беру ұйымдары басшыларының ұйымдастырушылық-басқару мәдениетін жетілдіру.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдарының қызметкерлерін, білім беру ұйымдарының басшыларын, олардың орынбасарларын басшы қызметкердің рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға қажетті білімдермен, іс-әрекет тәсілдерімен қамтамасыз ету;

2) аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдары қызметкерлерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, олардың

орынбасарларының жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту үдерісін ұйымдастырудың практикалық дайындығын қамтамасыз ету;

3) аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдары қызметкерлерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, олардың орынбасарларының басшылық қызметтерін "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының идеяларына сәйкес жүргізу дайындығына мүмкіндік туғызу.

7. Оқыту нәтижелері:

1) жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну;

2) жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген білім беру немесе басқару үдерісін құрудың ерекшеліктерін білу;

3) өзін-өзі тану мұғалімі лауазымына мұғалімдерді іріктеудің критерийлерін білу;

4) өзіндік рухани-адамгершілік кемелденуге талпыну қажеттілігін түсіну.

## 3. Бағдарламаның құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған екі кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарында", 2-қосымшасы "Оқу-тақырыптық жоспарында" сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен, іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, тыңдаушылардың өздік жұмысы, консультациялар. Ұсынылған нысандардың кез келген түрі оқытушы мен тыңдаушылардың тығыз байланысын көздейді, бұл тыңдаушыларға қиындықтарды жеңуге, күрделі сұрақтарға жауап табуға, алынған білімдеріне сәйкес практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша алынған білімдердің тереңдігін аныктау үшін презентацияларды бағалаудың критерийлері айқындалған:

1) презентацияда тыңдаушының курс барысында тыңдалған тақырыптарының бір тақырыбы бойынша материалды және оның басты идеяларын дұрыс түсінуінің айқындалуы;

2) тақырыпты ашудың рухани-адамгершілік тұрғысынан тереңдігі;

3) берілген тақырып бойынша материалды таныстырудың айқын логикалық құрылымы;

4) презентацияда ғаламтордан алынған орынсыз материалдың болмауы;

5) тыңдаушының өмірі мен кәсіби әрекетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтардың алатын орны жөнінде нақты мысалдар келтіру;

6) тыңдаушы тұлғасы дамуының жалпымәдени деңгейі;

7) компьютерлік сауаттылық.

## 4. Пәнге шолу

13. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

14. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, "

Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидасы тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді.

15. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

16. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

17. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

1) адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

2) өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

3) жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

4) алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

18. "Өзін-өзі тану" пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерделеу екі модуль бойынша ұйымдастырылған:

1) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи және психологиялық-педагогикалық негіздері;

2) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері.

19. "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны, оны білу және түсіну модульдер бойынша ұйымдастырылған, олар рухани-адамгершілік білім берудің мақсаттарын айқындайтын тақырыптарға бөлінген: қазіргі білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілімдемелері, пәннің тарихи және аксиологиялық негіздері .

20. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының тарихи және психологиялық-педагогикалық негіздері" модулі тыңдаушылардың адамзаттың жаһандық мәселелері мен оларды шешудің жолдарын, тарихи әлемдік және отандық мұралардың өзін-өзі тану идеяларының негізі екенін, рухани-адамгершілік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін, өзін-өзі тануды басқа пәндермен интеграциялау мүмкіндіктерін түсінуін қамтамасыз етеді.

21. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының аксиологиялық негіздері" модулі тыңдаушыларға өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін, жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару қағидасының мәнін, өзін-өзі тану мұғалімінің рөлін, шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

22. Осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес өзін-өзі танудың пәндік бағдарламасын әзірлеудің негізі спиральды оқыту болып табылады.

24. Спиральды білім беру бағдарламасын әзірлеу осы Бағдарламаның 4-қосымшасы "Өзін-өзі танудың мазмұндық бөлімдерінің әдістемелік сипаттамасына" сәйкес сыныптан сыныпқа өту шамасы бойынша пәндік бағдарламаларды оқытудың мақсатының жиынтығынан айқын көрінеді.

"Өзін-өзі тану" пәнінің
ғылыми-әдіснамалық
негіздері" педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
1-қосымша

## Оқу жоспары

| № | Бөлімдердің атаулары | Сағат саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Дәріс | Семинар | Практикалық сабақтар |
| I | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының тарихи және психологиялық-педагогикалық негіздері | 22 | 8 | 8 | 6 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| II | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері | 14 | 4 | 4 | 6 |
| | Барлығы: | 36 | 12 | 12 | 12 |

"Өзін-өзі тану" пәнінің
ғылыми-әдіснамалық
негіздері" педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
2-қосымша

# Оқу-тақырыптық жоспары

| № п/п | Тақырып | Сағат саны | Дәріс | Семинар | Практикалық сабақтар | Аты-жөні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи және психологиялық-педагогикалық негіздері – 22 сағат | | | | | |
| 1 | Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білім берудің басымдылығы туралы. | 4 | 2 | 2 | | |
| 2 | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздері. | 4 | 2 | 2 | | |
| 3 | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері. | 4 | 2 | 2 | | |
| 4 | Қазіргі білім кеңістігіндегі ізгілікке жаңа бағыттар. " Өзін-өзі тану" пәні мен басқа пәндердің интеграциясы. | 4 | 2 | 2 | | |
| 5 | Тыңдалған модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 6 | | | 6 | |
| II | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері – 14 сағат | | | | | |
| 1 | Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар – "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы мазмұнының негізі. Ақиқат – адамның дұрыс әрекетінің іргетасы. | 2 | 1 | 1 | | |
| 2 | Сүйіспеншілік қағидаты – "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының негізгі қағидаты.<br>Жан тыныштығы мен қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі. | 2 | 1 | 1 | | |
| 3 | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі. | 2 | 1 | 1 | | |
| 4 | Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері. | 2 | 1 | 1 | | |
| 5 | Тыңдалған модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 6 | | | 6 | |

"Өзін-өзі тану" пәнінің
ғылыми-әдіснамалық
негіздері" педагогикалық кадрлардың

біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
3-қосымша

# Джером Брунердің спиральды оқыту моделі

| Оқыту кезеңдері | Түйінді ерекшеліктері | Спиральды оқытудың артықшылықтары |
|---|---|---|
| 1) белсенді (жұмыс үдерісінде оқыту);<br>2) таңбалық (бейнелер мен суреттердің көмегімен оқыту);<br>3) символикалық ( сөздер мен сандардың көмегімен оқыту) | 1) бүкіл оқыту барысында оқушы тақырыпты бірнеше рет қайта қарайды;<br>2) тақырыптың күрделілігі әрбір қайталау сайын артады;<br>3) жаңа оқыту ескі оқытумен байланысты және ескі ақпарат контексінде қарастырылады. | 1) оқушы тақырыпты қайталаған кезде ақпарат үнемі қайталанады және еске сақталынады;<br>2) спиральды оқу бағдарламасы қарапайым идеялардан күрделісіне логикалық ауысуға мүмкіндік береді;<br>3) оқушылар білімдерін курстың кейінгі мақсаттарына да қолдана алады. |

"Өзін-өзі тану" пәнінің
ғылыми-әдіснамалық
негіздері" педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
4-қосымша

# Өзін-өзі танудың мазмұндық бөлімдерінің әдістемелік сипаттамасы

| | |
|---|---|
| П ә н мазмұнының логикалық құрылымы | Өзін-өзі тану пәні мазмұнының логикалық құрылымы негіздемесінің нақты сипаттамасы: жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі; өзіне, басқаларға, әлемге, адамзатқа қатысты көрінетін тұлғаның негізгі қасиеттері; адамзаттың жинақтаған әлеуметтік тәжірибесінің құрамдас компоненттері – әлемдік мәдениет, халықтар даналығы, білім/ғылым.<br>"Өзін-өзі тану" пәнінің негізгі бағыттарының ерекшеліктерін айқындау: "Адамзаттың рухани тәжірибесі", "Отбасындағы сүйіспеншілік", "Қоғамдағы сүйіспеншілік", " Адамзаттың бірлігі". |
| Бастауыш мектеп | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бастауыш мектепке арналған пәннің негізгі базалық мазмұны өрістелетін бөлімдердің білімі. "Ғасырлар даналығы" бөлімінің әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы. Коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды тек отбасында емес, сондай-ақ сыныпта және мектепте дамыту "Тату отбасы" бөлімін ашудың негізгі идеясы ретінде. "Адам болу" бөлімінің басты мақсаты – баланың адамгершілік құндылық бағдарларын қабылдау дағдыларының дамуына мүмкіндік туғызу. Кіші мектеп оқушыларының бойында қоршаған ортамен адамгершілік қатынас құру тәжірибесін қалыптастыруға бағдар "Бұл әлем қандай тамаша!" бөлімінің мазмұнында. |
| Негізгі орта білім | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес негізгі орта білімге арналған пәннің негізгі базалық мазмұны өрістелетін бөлімдердің білімі. Ойдың, сөздің және істің бірлігі "Рухани ұстаздар өмірінің шабыттандырушы мысалы" бөлімін ашудың негізгі идеясы ретінде. " Мектеп – менің отбасым" бөлімінің әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы. "Адам болу" бөлімінің басты мақсаты – өзін-өзі тану және өзін-өзі кемелдендіру қажеттіліктерін дамыту. Адам тегіне тиесілілік және жер бетіндегі болып жатқанның барлығына жауапкершілік сезіну – "Адамзат әлемі" бөлімі мазмұнының негізі. |
| | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жалпы орта білімге арналған пәннің негізгі базалық мазмұны өрістелетін бөлімдердің білімі. Өзін-өзі тану мазмұнының сабақтастық қағидасы.<br>"Адамзаттың рухани мұрасы" бөлімінің басты мақсаты - өмірлік жол таңдауға мүмкіндік ашу. Жағымды ойлау дағдыларын және адамдар арасындағы қатынастарда пайда болатын |

| | |
|---|---|
| Жалпы орта білім | этикалық өмірлік мүдделер қайшылығына парасатты қатынас жасауды дамыту " Отбасындағы парыз" бөлімін айқындаудың негізгі идеясы ретінде. "Адам болу" бөлімінің әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы. Адамзаттың маңызды міндеттерін орындаудағы өзінің жеке маңызын сезіну және "бақыт" ұғымын ұғыну – "Адамзат бірлігі" бөлімі мазмұнының негізі.<br>Өзін-өзі тану үдерісінің түйінді бағыттары ретіндегі өзін-өзі тану пәнінің мазмұндық бөлімдерінің өзара байланысының ерекшелігі. |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
2-қосымша

# "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы " Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен ( бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептердің, колледждердің педагогтарының біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептердің, колледждердің педагогтарын өздерінің адамдық және кәсіби парыздарын қайта пайымдау арқылы және жаңа білімдерді практикалық кәсіби қызметте қолдану жолымен "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасымен таныстыру болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты:

Тыңдаушы тұлғасын рухани-адамгершілік тұрғысынан өзгерту, оның рухани-адамгершілік әлеуетін ашу, жалпыадамзаттық құндылықтар және оларды тұтас педагогикалық үдеріске интеграциялау негізінде мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептердің, колледждердің педагогтарының педагогикалық шеберлігін шыңдау.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) педагогтарды мұғалім тұлғасының рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға қажетті біліммен қамтамасыз ету;

2) оқушылардың тұлғалық әлеуетін ашуға мүмкіндік туғызатын оқыту үдерісін ұйымдастыруға педагогтардың практикалық дайындығын қамтамасыз ету;

3) педагогтардың өзімен және қоршаған әлеммен үйлесімділікте өмір сүретін рухани-адамгершілікті тұлғаны тәрбиелеуге дайындығына мүмкіндік туғызу.

7. Оқыту нәтижелері:

1) үш модуль аясында мұғалімнің тұжырымдамалық түсінік негіздері мен тәжірибелік дағдыларының қалыптасуы;

2) мұғалімнің бойында жағымды ойлау дағдыларының, өзін-өзі кемелдендіру қабілетінің, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алуға деген талпынысының болуы;

3) мұғалімнің "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың әдістемесін меңгеруі;

4) мұғалімнің "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының идеяларын оқушылармен және ата-аналармен жұмыста интеграциялауға дайындығы.

## 3. Бағдарламаның құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған үш кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарында", 2-қосымшасы "Оқу-тақырыптық жоспарында" сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен, іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық

әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, тыңдаушылардың өздік жұмысы, консультациялар. Ұсынылған нысандардың кез келген түрі оқытушы мен тыңдаушылардың тығыз байланысын көздейді, бұл тыңдаушыларға қиындықтарды жеңуге, күрделі сұрақтарға жауап табуға, алынған білімдеріне сәйкес практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша алынған білімдердің тереңдігін анықтау үшін презентацияларды бағалаудың критерийлері айқындалған:

1) презентацияда тыңдаушының курс барысында тыңдалған тақырыптарының бір тақырыбы бойынша материалды және оның басты идеяларын дұрыс түсінуінің айқындалуы;

2) тақырыпты ашудың рухани-адамгершілік тұрғысынан тереңдігі;

3) берілген тақырып бойынша материалды таныстырудың айқын логикалық құрылымы. Тақырыптың логикалық бірізділігін сақтау;

4) презентацияда ғаламтордан алынған орынсыз материалдың болмауы;

5) тыңдаушының өмірі мен кәсіби әрекетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтардың алатын орны жөнінде накты мысалдар келтіру;

6) тыңдаушы тұлғасы дамуының жалпымәдени деңгейі;

7) компьютерлік сауаттылық.

13. Осы курс білімдерді аралық және қорытынды бағалауды ұйғарады. Білімдерді аралық бақылау 3-қосымша "Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда" көрсетілген тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындауы негізінде жүзеге асырылады. 1 және 2 модульді тыңдау аяқталған кезде тыңдаушылар оқытушыға іс-әрекет нәтижелерін қағаз және электрондық нұсқада өткізеді. 1 және 2 модульде көрсетілген өзіндік жұмыстың орындалу көлемі мен жақсы сапасы тыңдаушыны қорытынды бақылауға жіберудің шарты болып табылады.

14. Қорытынды бақылау 3 модульде көрсетілген өзіндік жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес өз бетінше әзірленген өзін-өзі тану сабағын презентациялау

негізінде практикалық сабақтарды өткізу үдерісінде жүзеге асырылады. Презентация тыңдаушының практикалық іс-әрекет жүргізуге дайындығының деңгейін көрсетеді.

## 4. Пәнге шолу

15. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

16. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, " Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидасы тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді.

17. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып

қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

18. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

19. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

1) адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

2) өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

3) жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

4) алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

20. "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны, оны білу және түсіну модульдер бойынша ұйымдастырылған, олар рухани-адамгершілік білім берудің мақсаттарын айқындайтын тақырыптарға бөлінген: қазіргі білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілімдемелері, пәннің тарихи, психологиялық-педагогикалық және аксиологиялық негіздері, "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі.

21. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының тарихи және психологиялық-педагогикалық негіздері" модулі тыңдаушылардың адамзаттың жаһандық мәселелері мен оларды шешудің жолдарын, тарихи әлемдік және отандық мұралардың өзін-өзі тану идеяларының негізі екенін, рухани-адамгершілік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін, өзін-өзі тануды басқа пәндермен интеграциялау мүмкіндіктерін түсінуін қамтамасыз етеді.

22. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының аксиологиялық негіздері" модулі тыңдаушыларға өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін, жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару қағидасының мәнін, өзін-өзі тану мұғалімінің рөлін, шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

23. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі" модулі педагогтардың сабақ өткізу әдістемесінің талаптары негізінде өзін-өзі тану сабақтарын жоспарлау және өткізу іскерлігін дамытады.

24. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы олардың әрбір нақты модульдегі зерделеген тақырыптарын ұғыну бойынша іс-әрекеттерін сипаттайды. Тыңдаушылардың қажетті іс-әрекет түрлері мен орындалған жұмыстың сапасын бағалау критерийлері 3-қосымша "Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда" берілген.

25. Осы Бағдарламаның 4-қосымшасына сәйкес өзін-өзі танудың пәндік бағдарламасын әзірлеудің негізі спиральды оқыту болып табылады.

26. Спиральды білім беру бағдарламасын әзірлеу осы Бағдарламаның 5-қосымшасы "Өзін-өзі танудың мазмұндық бөлімдерінің әдістемелік сипаттамасына" сәйкес сыныптан сыныпқа өту шамасы бойынша пәндік бағдарламаларды оқытудың мақсатының жиынтығынан айқын көрінеді.

"Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың
ғылыми-әдіснамалық негіздері"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

| № | Бөлімдердің атаулары | Сағат саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Дәріс | Семинар | Практикалық сабақтар |
| I | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері | 24 | 12 | 12 | |
| II | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері | 16 | 8 | 8 | |
| III | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі | 32 | 8 | 8 | 16 |
| | Барлығы: | 72 | 28 | 28 | 16 |

"Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың
ғылыми-әдіснамалық негіздері"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 2-қосымша

## Педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курсының оқу-тақырыптық жоспары

| рет № | Тақырып | Сағат саны | Дәріс | Семинар | Практикалық сабақтар | Аты-жөні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I | "Өзін-өзі тану" рухани- адамгершілік білім беру бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері- 24 сағат | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білім берудің басымдылығы туралы | 4 | 2 | 2 | | |
| 2 | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздері | 4 | 2 | 2 | | |
| 3 | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері | 4 | 2 | 2 | | |
| 4 | Қазіргі білім кеңістігіндегі ізгілікке жаңа бағыттар | 4 | 2 | 2 | | |
| 5 | "Өзін-өзі тану" пәні мен басқа пәндердің интеграциясы | 4 | 2 | 2 | | |
| 6 | Өзін-өзі танудағы мұғалімнің рөлі | 2 | 1 | 1 | | |
| 7 | Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері | 2 | 1 | 1 | | |
| II | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері – 16 сағат | | | | | |
| 1 | "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың аксиологиялық негіздері. Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде. | 4 | 2 | 2 | | |
| 2 | Сүйіспеншілік – өзін-өзі танудың негізгі қағидаты. | 4 | 2 | 2 | | |
| 3 | Дұрыс әрекет тәжірибесі – өмірдің негізі ретінде. Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері. | 4 | 2 | 2 | | |
| 4 | Ішкі тыныштық пен қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі. | 4 | 2 | 2 | | |
| III | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі – 32 сағат | | | | | |
| 1 | "Өзін-өзі тану" пәнінің құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілері. Мастер-класс. | 4 | 2 | 2 | 16 | |
| 2 | Өзін-өзі тану сабақтарында ән айту және музыка. | 4 | 2 | 2 | | |
| 3 | Әңгімелеу (өсиет - әңгіме) әдісі – оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үдерісіне тартудың тәсілі ретінде.<br>Мастер-класс. | 4 | 2 | 2 | | |
| 4 | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын сабақтан тыс әрекет арқылы жүзеге асыру. | 2 | 1 | 1 | | |
| 5 | Ата-аналармен байланыс – "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың қажетті шарты. | 2 | 1 | 1 | | |
| 6 | Өзін-өзі тану ашық сабағын талдау | 4 | | | 4 | |
| 7 | Өзін-өзі тану сабағы бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 12 | | | 12 | |

"Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

# Өзіндік жұмысты ұйымдастыру

| № | Тапсырма | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| | | |

| 1 модуль | | |
|---|---|---|
| 1. | Педагог-гуманист Ш.А. Амонашвилидің еңбектерінің біріне пікір. | Көлемі – 1 баспа беттен кем емес<br>Оқылған шығармаға қатысты өзінің көзқарасын білдіру<br>Зерделенген еңбектегі өзінің педагогикалық қызметінде қолдана алатын аспектілеріне талдау жасау |
| 2. | Мына тақырыптар бойынша эссе:<br>1) "Мен шабыттандырамын..."<br>2) "Мені шабыттандырады…" | Көлемі – 1 баспа беттен кем емес<br>Мұғалімнің өз тәжірибесіндегі шабыттандыратын мысалдардың болуы<br>Өз тәжірибесіне талдау жасап, оны шығармашылықпен қайтадан сезінуі, ұғынуы |

| 2 модуль | | |
|---|---|---|
| 1. | Жалпыадамзаттық құндылықтардың пәнге интеграциясынан мысалдар. | Интеграцияға кем дегенде 5 мысалдың болуы<br>5 мысалдың – 3-і жаратылыстану білім саласынан, 2-і – гуманитарлық білім саласынанрухани-адамгершілік пен жаратылыстану ғылымы әлемінің заңдарының бірлігін көре білу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтардың әртүрлі оқу пәндерінің заңдарында, ережелері мен ұғымдарында бейнеленуін көре білу.<br>Келтірілген мысалдардың рухани-адамгершілік тереңдігі |
| 2. | Шағын жоба (әзірлеме) " Жалпыадамзаттық құндылықтардың сабақтан тыс әрекетке интеграциясы" | Шағын жобада (әзірлемеде) оқушылар мен мұғалімнің қоғамға қызмет етуге , риясыз көмек көрсетуге бағытталған әрекетінің бейнеленуі<br>Осындай әрекетті тұрақты түрде орындау қажеттілігін туғызуға мүмкіндік беретін шарттардың болуы |
| 3 модуль | | |
| 1. | Жалпы білім беретін мектеп базасында тәжірибелі мұғалім өткізген өзін-өзі тану бойынша ашық сабақты талдау | Тыңдаушылардың міндеті – сабақты келесі өлшемдер тұрғысынан талдау:<br>Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл-күйді дұрыс өткізу, алдын ала берілген үй тапсырмасының болуы, мұғалімнің әңгіме немесе өсиет-әңгімені әңгімелеуі, шығармашылық немесе топтық әрекетті дұрыс өткізу, сабақта музыканы қолдану).<br>Сабақ тақырыбының рухани-адамгершілік тереңдігін ашу (сабақты жүргізу барысында жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, терең рухани-адамгершілік әңгіме ұйымдастыру, оқушылардың жауаптарына байланысты сұрақтарды сауатты қоя білу және тағы басқалар).<br>Мұғалімнің шығармашылық ұстанымы.<br>Оқушылардың жұмыс дәптерлеріндегі жұмысы.<br>Сабақтың музыкамен сүйемелденуі<br>Сабақ жоспарының болуы.<br>Мұғалімнің стилі (авторитарлы, либералды, ізгілікті).<br>Сабақтағы тәртіп. |
| | | Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл-күйді дұрыс өткізу, алдын ала берілген үй тапсырмасының болуы, мұғалімнің әңгіме немесе өсиет әңгімені әңгімелеуі, шығармашылық немесе топтық әрекетті дұрыс өткізу, сабақта музыканы қолдану).<br>Сабақ тақырыбының "Өзін-өзі тану" пәні бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі. |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Тыңдаушының "Өзін-өзі тану" сабағын даярлауы. | Мұғалімнің сабақта баяндау үшін таңдаған мәтінінің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Мәтіннің мазмұны бойынша бір-бірімен логикалық байланыстыру және жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтауға бағытталған терең мәнді сұрақтар негізінде әңгіме құру.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар тәжірибесінің дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін топтық шығармашылық әрекеттің құндылық бағыты.<br>Сабақтың мақсатында көрсетілген жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтауға және міндеттерінде көрсетілген қасиеттерін дамытуға негізделген сабақтың құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. |

"Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың
ғылыми-әдіснамалық негіздері"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 4-қосымша

# Джером Брунердің спиральды оқыту моделі

| Оқыту кезеңдері | Түйінді ерекшеліктері | Спиральды оқытудың артықшылықтары |
|---|---|---|
| 1) белсенді (жұмыс үдерісінде оқыту);<br>2) таңбалық (бейнелер мен суреттердің көмегімен оқыту);<br>3) символикалық ( сөздер мен сандардың көмегімен оқыту) | 1) бүкіл оқыту барысында оқушы тақырыпты бірнеше рет қайта қарайды;<br>2) тақырыптың күрделілігі әрбір қайталау сайын артады;<br>3) жаңа оқыту ескі оқытумен байланысты және ескі ақпарат контексінде қарастырылады. | 1) оқушы тақырыпты қайталаған кезде ақпарат үнемі қайталанады және еске сақталынады;<br>2) спиральды оқу бағдарламасы қарапайым идеялардан күрделісіне логикалық ауысуға мүмкіндік береді;<br>3) оқушылар білімдерін курстың кейінгі мақсаттарына да қолдана алады. |

"Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың
ғылыми-әдіснамалық негіздері"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 5-қосымша

# Өзін-өзі танудың мазмұндық бөлімдерінің әдістемелік сипаттамасы

| | |
|---|---|
| Пән мазмұнының логикалық құрылымы | Өзін-өзі тану пәні мазмұнының логикалық құрылымы негіздемесінің нақты сипаттамасы: жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі; өзіне, басқаларға, әлемге, адамзатқа қатысты көрінетін тұлғаның негізгі қасиеттері; адамзаттың жинақтаған әлеуметтік тәжірибесінің құрамдас компоненттері – әлемдік мәдениет, халықтар даналығы, білім/ғылым.<br>"Өзін-өзі тану" пәнінің негізгі бағыттарының ерекшеліктерін айқындау: "Адамзаттың рухани тәжірибесі", "Отбасындағы сүйіспеншілік", "Қоғамдағы сүйіспеншілік", " Адамзаттың бірлігі". |
| Бастауыш мектеп | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бастауыш мектепке арналған пәннің негізгі базалық мазмұны өрістелетін бөлімдердің білімі. "Ғасырлар даналығы" бөлімінің әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы. Коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды тек отбасында емес, сондай-ақ сыныпта және мектепте дамыту "Тату отбасы" бөлімін ашудың негізгі идеясы ретінде. "Адам болу" бөлімінің басты мақсаты – баланың адамгершілік құндылық бағдарларын қабылдау дағдыларының дамуына мүмкіндік туғызу. Кіші мектеп оқушыларының бойында қоршаған ортамен адамгершілік қатынас құру тәжірибесін қалыптастыруға бағдар "Бұл әлем қандай тамаша!" бөлімінің мазмұнында. |
| | |

| | |
|---|---|
| Негізгі орта білім | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес негізгі орта білімге арналған пәннің негізгі базалық мазмұны өрістелетін бөлімдердің білімі. Ойдың, сөздің және істің бірлігі "Рухани ұстаздар өмірінің шабыттандырушы мысалы" бөлімін ашудың негізгі идеясы ретінде. " Мектеп – менің отбасым" бөлімінің әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы. "Адам болу" бөлімінің басты мақсаты – өзін-өзі тану және өзін-өзі кемелдендіру қажеттіліктерін дамыту. Адам тегіне тиесілілік және жер бетіндегі болып жатқанның барлығына жауапкершілік сезіну – "Адамзат әлемі" бөлімі мазмұнының негізі. |
| Жалпы орта білім | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жалпы орта білімге арналған пәннің негізгі базалық мазмұны өрістелетін бөлімдердің білімі. Өзін-өзі тану мазмұнының сабақтастық қағидасы.<br>"Адамзаттың рухани мұрасы" бөлімінің басты мақсаты - өмірлік жол таңдауға мүмкіндік ашу. Жағымды ойлау дағдыларын және адамдар арасындағы қатынастарда пайда болатын этикалық өмірлік мүдделер қайшылығына парасатты қатынас жасауды дамыту " Отбасындағы парыз" бөлімін айқындаудың негізгі идеясы ретінде. "Адам болу" бөлімінің әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы. Адамзаттың маңызды міндеттерін орындаудағы өзінің жеке маңызын сезіну және "бақыт" ұғымын ұғыну – "Адамзат бірлігі" бөлімі мазмұнының негізі.<br>Өзін-өзі тану үдерісінің түйінді бағыттары ретіндегі өзін-өзі тану пәнінің мазмұндық бөлімдерінің өзара байланысының ерекшелігі. |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
3-қосымша

## "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы " Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен ( бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы қызметкерлерінің, "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының ұзақ мерзімді курстарынан өткендігі жөніндегі сертификатқа ие жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін

арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты өзінің үлгі-өнегесімен оқушылар мен мұғалімдерді шабыттандыратын шынайы көшбасшының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын мұғалім тұлғасын қайта өзгерту, оның рухани-адамгершілік пікірлерін, жағымды ойлауын , ойдың, сөздің және істің бірлігін дамыту болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты: "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқытуға және ынтымақтастыққа дайын рухани-адамгершілік саналылықтың және теориялық-практикалық дайындықтың жоғары деңгейіне ие тәжірибелі тренерлерді дайындау.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) үш модуль контексінде "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының теориялық негіздерін тұжырымдамалық түсінуді қамтамасыз ету;

2) қазіргі мектеп жағдайында "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының тұжырымдамалық идеяларын практикада табысты жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар тыңдаушылардың бойында келесі дағдыларды қалыптастыру:

Бағдарлама негіздеріне мұғалімдерді оқытуды жоспарлау және ұйымдастыру;

сабақтан тыс іс-әрекеттерде, жалпы білім беретін циклдағы басқа пәндерге және ата-аналармен жұмыста өзін-өзі танумен интеграциялау мәселелерінде пән мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсету;

жеке және кәсіби өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде өзін-өзі бақылау және жеке тәжірибесіне талдау жасау;

"Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының негізгі идеяларын практикада жүзеге асыру үдерісінде мұғалімдер мен оқушыларда болған өзгерістерді бақылау және талдау жасау.

3) тыңдаушыларды мұғалімдердің рухани-адамгершілік білім беру қауымдастығын ұйымдастыруға дайындау.

7. Оқыту нәтижелері:

Оқытудың нәтижелігіне қол жеткізудің қағидалары:

1) тыңдаушының "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін терең түсінуі және тәжірибеде жүзеге асыру іскерлігі.

2) жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және өз ісімен оқушылар мен мұғалімдерді шабыттандыратын шынайы көшбасшының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу.

3) тыңдаушылардың курс аяқталған соң әріптестерін, басқа да тыңдаушыларды "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының негіздеріне төмендегі іс-әрекеттердің көмегімен оқыту қабілеттілігі:

интерактивті дәрістер, семинарлар, талқылаулар, дөңгелек үстелдер өткізу;

мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;

жеке әңгімелесу және жеке кеңес беру.

4) мектептерде рухани-адамгершілік білім беруді келесі әрекеттердің көмегімен жандандыруға атсалысу:

"Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының тыңдаушыларына өзін-өзі танумен интеграциялау мәселелерінде сабақтан тыс іс-әрекеттерде, жалпы білім беретін циклдағы басқа пәндерде және ата-аналармен жұмыста қолдау көрсету;

ойы, сөзі және ісі бірлікте өмір сүретін шынайы көшбасшының рөлін атқару;

әріптестерімен тілектестік кәсіби қатынас орнату;

жалпымектептік тәрбие жұмыстарының аясында оқушылармен және мұғалімдермен рухани-адамгершілік мазмұнда іс-шаралар мен қайырымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу;

рухани-адамгершілік білім беру мұғалімдерінің қауымдастығын құру.

## 3. Бағдарламаның құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған үш кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарында", 2-қосымшасы "Оқу-тақырыптық жоспарында" сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен,

іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" өткізу (4-6 адамнан тұратын шағын топтарда мәселелер талқылау), тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, консультациялар, сабақтарға қатысу және талдау, сабақтар және оқушылармен оқудан тыс іс-әрекет өткізу, Бағдарламаның түйінді идеялары аясында ата-аналар жиналысын және мектептің әдістемелік бірлестігінің мұғалімдеріне семинар өткізу.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оқылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша меңгерілген білімдердің тереңдігін анықтау үшін бірінші және екінші модульдер бойынша презентацияларды бағалау критерийлері айқындалған:

1) Бағдарламаның оқытылатын модулінің тұжырымдамалық негізін түсінуі;

2) модульдің теориялық негізін білу және ұсынылған әдебиеттермен танысуы ;

3) презентация тақырыбы бойынша тренерлердің қойған сұрақтарына сауатты жауап бере білуі;

4) академиялық талаптарға сәйкес сауатты, нақты және аргументті баяндауы;

5) тыңдаушының рухани-адамгершілік және интеллектуалды деңгейі, жалпы тұлғалық мәдениеті, әріптестерімен қарым-қатынасында және киіну стилінде этикалық нормаларды сақтауы;

6) сөйлеу мәдениеті, шешендік өнері, слайдтар әзірлеу кезінде іскерлік стилін сақтауы (алаңдататын әсерлерсіз, көру арқылы қабылдауға ыңғайлы).

13. Бұл курс білімдерді аралық және қорытынды бағалауды ұйғарады. Аралық бағалау тыңдаушылардың Бағдарламаның әрбір модулі бойынша үш жеке презентацияларын қорғауы негізінде жүзеге асырылады. Презентациялар топта (4-6 адам) қорғалады және үш балдық жүйе бойынша топпен және куратормен бағаланады.

14. Қорытынды бағалау портфолионы, портфолио мазмұны бойынша презентацияларды бағалауды, біліктілік емтиханының нәтижелерін қамтиды.

15. Портфолионы бағалау критерийлері:

1) мектеп бағдарламасындағы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін түсіну және ой елегінен өткізу;

2) оқушылар мен мұғалімдерді өзінің мысалдарымен шабыттандыратын, шынайы көшбасшы әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу;

3) мектеп практикасында әріптестерін оқыту арқылы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру;

4) өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау және оқушылар мен мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді талдау мен бақылауды жүзеге асыру және де олардың зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрініс табуы;

5) жалпыадамзаттық құндылықтар практикасындағы жеке тәжірибені және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізу және талдау бойынша курстық жұмыс жасау.

## 4. Пәнге шолу

16. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

17. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, " Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидаты тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді.

18. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

19. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

20. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

1) адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

2) өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

3) жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

4) алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

Осы Бағдарлама құрылымы бойынша құрамдас болып табылады және оқу-әдістемелік материалдар кешені мен білімдік онлайн-платформадан тұрады.

21. Бағдарламаны меңгеру ұзақтығы – үш ай, үш кезеңге құрылымданған:

1) Бірінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; төрт апта) Бағдарламаның түйінді идеяларына және олардың мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасайды.

2) Екінші кезең – "Құндылықтар практикасы" (асинхронды оқыту; алты апта).

3) Үшінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; екі апта).

22. Бірінші кезеңде тыңдаушыларға келесі тапсырмаларды орындау міндеттеледі:

әрбір модульдің материалдарын зерделеп, модульдің бір тақырыбы бойынша презентацияларды қорғау, жұмыс жеке дара орындаудан және әрбір модуль тақырыптарын топтық талқылаудан тұрады.

тыңдаушының жеке және кәсіби тәжірибесі туралы терең ойлануына және талдауына, Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде жеке дара зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін бірнеше жазбаша тапсырмаларды орындау.

мектепте өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және топтық талқылау, жұмыс сабақты жеке дара бағалаудан және бірлескен топтық талқылаудан тұрады.

23. Екінші кезең – "Құндылықтар практикасы" (асинхронды оқыту; 5-10 апталар).

24. Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінде Бағдарламаның негізгі идеялары сыныпта және тыңдаушының жеке өмірінде тәжірибе жүзіне асырылады. Аталмыш кезең екі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1) бірінші бағыт – алынған білімдерді күнделікті жеке өмірде және жалпыадамзаттық құндылықтарды сыныпта оқыту тәжірибесінде қолдану;

2) екінші бағыт – бірінші "Жүректен жүрекке" кезеңінде берілген " Құндылықтар практикасы кезеңінде орындауға арналған тапсырмалармен" жұмыс жасау. 3-қосымшаға сәйкес тыңдаушының өміріндегі және оқыту тәжірибесіндегі өзгерістер оның мектептегі тәжірибесі кезеңінде жүйелі түрде бағаланады. Сондай-ақ, тыңдаушыға білім беру порталының көмегі арқылы тренерлер тарапынан қолдау (асинхронды оқыту) көрсетілетін болады.

25. Үшінші "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; 11-12 апталар) кезеңі мұғалімнің жеке өмірінде және оқытуда жүзеге асыратын өзгерістерді өзіндік және өзара рефлексиялауға, осы өзгерістердің нәтижелерін оқушылардың дамуына әсерін анықтау мақсатында өзіндік және өзара бағалауға бағдарланған. " Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке дара орындаған жұмыстарын тренерлер бағалап, ұсыныстар беретін болады. Сондай-ақ, қорытынды кезеңі барысында мұғалімдер жалпы білім беретін мектеп қабырғасында өзін-өзі тану сабақтарын және жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы сабақтан тыс жұмыстар өткізеді. Курстың соңында біліктілік емтиханы өткізіліп, қорытынды бағалар шығарылады.

педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
1-қосымша

# Оқу жоспары

| № | Тараулардың атаулары | Сағат саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | дәріс | семинар | практикалық сабақтар |
| I | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері. | 48 | 24 | 8 | 16 |
| II | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері. | 48 | 24 | 8 | 16 |
| III | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі. | 64 | 16 | 24 | 24 |
| | Барлығы: | 160 | 64 | 40 | 56 |

"Сыныптың тұтас педагогикалық
процесіндегі жалпыадамзаттық
құндылықтар" курсының
ғылыми-әдіснамалық негіздері
және өткізу практикасы"
педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
2-қосымша

# Оқу-тақырыптық жоспар

| Бірінші апта | | | |
|---|---|---|---|
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдар-ламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері | | | |
| 1 | Лекция.<br>Білімдік сферасын руханилық және ізгілік бағытында жаңартудың қажеттілігі. | Ғаламдық заманауи проблемаларды топтарда талқылау және оларды шешудің жолдары. Әр топ дағдарыстың бір түрінен қойылым және рухани-адамгершілік білім берудің көмегімен одан шығудың жолдарын көрсетеді. Білімдік сферасын руханилық және ізгілік бағытында жаңартудың қажеттілігін топтарда талқылау. | 4 |
| | Лекция.<br>Тарихи ретроспективте рухани-адамгершілік білім беру. | Адамзаттың ұлы ұстаздарының өмірі мен ілімін нелер біріктіретінін топтарда талқылау. (Сократ, Аристотель, Конфуций, ЛаоЦзы, М.Монтень, Р.Декарт, Э.Кант).<br>Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білім беру дәстүрлерін топтарда талқылау (әл-Фараби, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ы.Алтынсарин және басқалар). Топтағы жұмыс: Адамзаттың тарихи мұрасы ретіндегі барлық діндердің бірлігі туралы плакатқа сурет салу. | 4 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Лекция.<br>Сана арқылы оқыту. | "Өзін-өзі тану" рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының қағидаттары мен оны оқытудың шарттарын топтарда талқылау. Сананың құрылымын, қабылданған ақпараттың бағасын және сананы тазартудың тәсілдерін топтарда талқылау. Сананы тазартудың қажеттілігін негіздеу және түйсіну. | 4 |
| | Лекция.<br>Рухани ізгілік. | Заманауи философия, психология және педагогикадағы рухани гуманизм идеяларын топтарда талқылау. Адамның тұлғалық құрылымын және ақылдың табиғатын топтарда талқылау. Педагогиканың үш типін және мұғалімнің үш стилін бейнелейтін қойылымдарды топтарда көрсету. | 4 |
| 3 | Лекция.<br>Өзін-өзі тану мен басқа пәндердің интеграциясы. | Өзін-өзі тану мен басқа пәндерді қалай интеграциялауға болады? Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Топтарда интеграцияны талқылау. Ғалымдардың нейрофизиологиядан, биологиядан, химиядан, физикадан жаңа ашылуларын және ұлы ғалымдардың өмірлерінен мысалдарды топтарда талқылау. Топтардағы шығармашылық жұмыс: әрбір топ жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық цикл пәндерінен интеграциялауға өз мысалдарын келтіреді. | 4 |
| | Лекция.<br>Өзін-өзі тану сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы. | Сұрақтарды топтарда талқылау: Рухани-адамгершілік білім беруді сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы қалай жүзеге асыруға болады? Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Қайырымдылық акциялары ережелерін және мұғалімнің шабыттандыратын мысалдарының маңызды-лығын топтарда талқылау. Топтардағы шығармашылық іс-әрекеттер: Жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі қойылымдар. | 4 |
| 4 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның бірінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық. | 1 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс. Бірінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Бірінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 5 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның бірінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық. | 1 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс. Бірінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Бірінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| Екінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы. | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 | Семинар.<br>Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 1модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың топтағы жеке презентациясы. PowerPoint форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 мин., талқылау 10-15 мин). Топтық талқылаужәнесөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 2 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері | | | |
| | Лекция. | Тұлғаның құндылық иерархиясы. Абсолют жалпыадамзаттық құндылықтар. Білім мазмұнына жалпыадамзаттық құндылықтарды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Абсолют жалпыадамзаттық құндылықтар. Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде. | кіргізудің маңызы мен топтарда сұрақтарды талқылаудың тәсілдері мәселелерін топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Жалпыадамзаттық құндылықтар және сананың құрылымы. Топтарда сұрақтарды талқылау: Абсолют ақиқат пен салыстырмалы ақиқаттың айырмашылығы неде? Шындықтың мәні туралы әңгіме. Топтардағы шығармашылық жұмыс "Нағыз шындық – бұл ар-ұждан" тақырыбына өлең немесе ән шығару. | 4 |
| | Лекция. Сүйіспеншілік энергиясы. | Сүйіспеншіліктің мәнін жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан топтарда талқылау. Сүйіспеншіліктің түрлері туралы қойылымдар көрсету. Сүйіспеншілік энергиясы және сүйіспеншілік энергиясы жолындағы кедергілер туралы әңгіме. Сүйіспеншілікпен сабақ өткізу дегеннің не екендігі туралы сұрақты топта талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Сүйіспеншілікке толы өмірден мысалдар келтіру. | 4 |
| 3 | Лекция. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі дұрыс әрекет. | Дұрыс әрекетке оқыту үдерісіндегі білімділік мақсаттары мен, Дұрыс әрекетке тән қасиеттерді топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Күнделікті өмірдегі дұрыс әрекет практикасын топтарда талқылау. "Қалаулар шегінің" төрт қағидатын және әрбір қағидат бойынша практикалық тапсырмалардың орындалуын топтарда талқылау . | 4 |
| | Лекция. Ішкі тыныштықтың мәні. | Топтарда сұрақтарды талқылау: Тыныштық деген не? Тыныштықтың ақылмен байланысы қандай? Ақыл дегеніміз не? Мен күнделікті өмірде ақылмен қалай жұмыс жасай аламын? Топта тыныштық туралы өлең жазу. Қиянат жасамаудың ерекшеліктерінің сипатын және күнделікті өмірдегі қиянат жасамау практикасын топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. "Өзіңе қатысты қиянат жасамау" тақырыбында топтарда қойылым көрсету және талқылау. | 4 |
| 4 | Лекция. Өзін-өзі танудағы мұғалімнің ролі. | Топтарда сұрақтарды талқылау: Мұғалім мамандығы кәсіп пе, әлде шығармашылық па? Ал Сіз су ағатын құбырда флейтада ноктюрн ойнай алар ма едіңіз? Мұғалімдерге арналған ережелерді және мұғалімнің өміріндегі жағымды көңіл күйге келудің маңыздылығын топтарда талқылау. Мұғалімдердің құрбандығы туралы мысалдары. "Мұғалім" тақырыбына топтарда плакаттар безендіру. | 4 |
| | Лекция. Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері. | Топтарда сұрақтарды талқылау: Шынайы көшбасшы – ол кім? Шынайы көшбасшының қасиеттері қандай? Неліктен риясыздық – шынайы көшбасшының негізі? Шығармашылық топтық жұмыс: "Шынайы көшбасшының қылығы" тақырыбында өмірден алынған қойылым көрсету. | 4 |
| | Практикалық сабақ. Тыңдаушылардың Бағдарламаның екінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше жұмысы. | 2 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс, екінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Екінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| Үшінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ. Тыңдаушылардың Бағдарламаның екінші модулі бойынша оқытушының | 2 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс, екінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық | 8 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қатысуымен өз бетінше жұмысы. | талқылау. Екінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | |
| 2 | Семинар. Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы. | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдау-шылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 мин., талқылау 10-15 мин). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі | | | |
| 3 | Лекция. Өзін-өзі тану сабағын жоспарлау және өткізу бойынша шығармашылық шеберхана. Мектеп мониторингі мәселесі. | Жалпыадамзаттық құндылықтар мен оның қасиеттеріне сәйкес өзін - өзі тану сабағының құрылымын, сабақты жоспарлаудың негізін, сабақтың мақсаты мен міндеттерін құра білуін топтарда талқылау. Өзін-өзі тану сабағын жопарлау мен өткізуден тәжірибе алмасу. Өзін-өзі тану сабағындағы жағымды көңіл-күйдің маңызы мен дәйексөздермен жұмыстың түрлерін топтарда талдау. Өзін-өзі талдау рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы тұрғысынан мектептердің мониторингісі. | 4 |
| | Лекция. Топтың ән айту әдісі бойынша шығармашылық шеберхана және музыка және шығармашылық іс-әрекеттерді сабақта қолдану. | Музыканың адам өміріндегі мәнін және сабақтарда музыка жүргізудің әдістерін топтарда талқылау. Сабақтарға музыканы енгізудің шабыттандыратын тәжірибесін әріптестермен алмасу. Өзін-өзі тану сабақтарындағы шығармашылық және топтық іс-әрекеттердің мәнін топтарда талқылау. Шығармашылық және топтық іс-әрекеттердің мәнін топтарда талқылау.<br>Шығармашылық және топтық іс-әрекеттердің әр түрлерін жүргізудің шабыттандыратын тәжірибелерін әріптестермен алмасу. | 4 |
| 4 | Лекция. Оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үдерісіне тартудың тәсілі ретінде оқиға(әңгіме) айту бойынша шығармашылық шеберхана. | Оқытудың диалогтық әдісін, оқиға айту өнерін топтарда талқылау. Оқиға айтудың шабыттандыратын тәжірибесімен және терең рухани-адамгершілік әңгіме жүргізу тәжірибесімен әріптестерімен алмасу.<br>Адамгершілік білімдерді меңгерту үдерісінде, мұғалім мен оқушылардың шабыттандыратын тәжірибелерін топтарда талқылау. | 4 |
| | Лекция. Ата-аналармен байланыс – "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруді жүзеге асырудың қажетті шарты. | Бала тәрбиелеудегі ата-аналардың жауапкершілігі мен рөлін рухани мәдениеттің тірегі ретіндегі ананың рөлін, әділеттілік пен тәртіптің сенімді қорғаушысы ретіндегі әкенің рөлін топтарда талқылау. Рухани-адамгершілік білім беру тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізудің өнегелі тәжірибелерімен топтарда алмасу. "Ынтымақтастықта тәрбиелеу. Жақсы отбасының қасиеттері" тақырыптарында қойылымдар көрсету. | 4 |
| | Практикалық сабақ. Тыңдаушылардың Бағдарламаның үшінші модулі бойынша | 3 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпылау сипатындағы кері байланыс. Үшінші модул бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Үшінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | оқытушының қатысуымен өз бетінше жұмысы. | | |
| Төртінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ. Тыңдаушылардың Бағдарламаның үшінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше жұмысы. | 3 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпылау сипатындағы кері байланыс. Үшінші модул бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Үшінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ. Портфолио қорғауға өзіндік дайындық. | Өзіндік жұмыстардың қорытындысы бойынша жалпылама сипаттағы кері байланыс.<br>Өзіндік тапсырмалар, топтық талқылауларды шолу. Үш модуль бойынша тренердің жалпы және жеке кеңесі. | 8 |
| 3 | Семинар. Өзіндік жұмыс бойынша. тыңдаушылардың есебі, портфолио қорғау. | Тыңдаушылардың өз портфолиоларын жеке презентациясы (әрбір тыңдаушыға бір академиялық сағаттан).<br>Сөйлеген сөзді топтық талқылау және өзара бағалау.<br>Ұсынымдар және тыңдаушылардың өзіндік жұмыстардың кезеңдері бойынша жеке жұмыстарын қорытынды бағалау. | 8 |
| 4 | Семинар. Өзіндік жұмыс бойынша тыңдаушылардың есебі, портфолио қорғау. | Тыңдаушылардың өз портфолиоларын жеке презентациясы (әрбір тыңдаушыға бір академиялық сағаттан).<br>Сөйлеген сөзді топтық талқылау және өзара бағалау.<br>Ұсынымдар және тыңдаушылардың өзіндік жұмыстардың кезеңдері бойынша жеке жұмыстарын қорытынды бағалау. | 8 |
| 5 | Семинар. Біліктілік емтиханы. | Квалификациялық емтихан тапсыру | 8 |

"Сыныптың тұтас педагогикалық
процесіндегі жалпыадамзаттық
құндылықтар" курсының
ғылыми-әдіснамалық негіздері
және өткізу практикасы"
педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасына
3-қосымша

# Өзіндік тапсырмаларды бағалау критерийлері

| № | Тапсырма | Бағалау критериі |
| --- | --- | --- |
| 1 | Бағдарламаның түйінді идеяларын қолдану арқылы екі өзін-өзі тану сабақтарын және екі интеграцияланған сабақтардың (бір сабақ гуманитарлық цикл бойынша, бірі жаратылыстану ғылымдары циклынан) жоспарлау және өткізу. | Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл күйге келуді дұрыс өткізу, алдын ала үйден оқудың болуы, мұғалімнің аңыз немесе оқиға айтуы, шығармашылық немесе топтық іс-әрекеттерді дұрыс өткізу , сабақта музыкаән айтуды қолдану).<br>Мұғалімнің сабақта айту үшін таңдаған әңгімесінің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы дағдыларын дамытуға сәйкес келетін шығармашылық, топтық іс-әрекеттердің және ән айтудың құндылық бағыттылығы.<br>Сабақтың мақсатында және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.<br>Интеграцияланған сабақтар үшін қажетті: сабақтың басы мен соңында жағымды көңіл күйге келуді өткізу; жаратылыстану ғылымдары циклы пәндерімен интеграцияның рухани-адамгершілік тереңдігі; мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу; сабақтың мақсатында және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.<br>Төрт сабақтың жоспары және әрбір өткізілген сабақ туралы қысқаша рефлексивті есептің болуы.<br>Өзін-өзі танумен интеграцияланған жаратылыстану циклының бір сабағының бейнежазбасы және оқушылардың шығармашылық жұмыстарының фотосуреттерінің болуы. |
| 2 | Бағдарламаның үш модулі бойынша бір сыныптың мұғалімдері үшін екі лекция жоспарлау және өткізу.<br>Тыңдаушылардың өзін-өзі тану және басқа мектеп пәндерін интеграциялау мәселелерінде мұғалімдерді жекелей әдістемелік қолдауы. | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде мұғалімдермен жұмысты терең түсіну.<br>Рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы және "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлі туралы мұғалімдермен семинар өткізу жоспарын сауатты әрі терең әзірлеу білігі.<br>Семинарға арналған қызықтыинтерактивті материал дайындау білігі.<br>Мұғалімдердің сұрақтарына сауатты жауап беру білігі.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылып, мектеп мөрі басылған лекция жоспарының болуы.<br>Лекциядан фотосуреттердің болуы.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылып, мектеп мөрі басылған мұғалімдерді жеке әдістемелік қолдау туралы рефлексивті есептің болуы, онда Бағдарлама идеясы контексінде мұғалімдердің қажеттіліктері; жеке атқарылған әдістемелік жұмыстардың қысқаша сипаттамасы; мұғалімдердегі болған өзгерістерді бақылаудың нәтижелері; әдістемелік қолдаудың табыстылық дәрежесін бағлау көрініс табуы тиіс. |
|  |  | Жобада оқушылар мен мұғалімнің қоғамға қызмет етуге, риясыз көмек көрсетуге бағытталған және т.с.с іс-әрекеттерінің көрініс табуы. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Сыныппен оқудан тыс іс-әрекеттерді жоспарлау және өткізу.<br>Тыңдаушылардың сынып сағаттары мен оқудан тыс іс-әрекеттерді өткізу мәселелерінде мұғалімдерді жекелей әдістемелік қолдауы. | Осындай сипаттағы іс-әрекеттерді үнемі орындаудың қажеттілігіне ықпал ететін шарттарының болуы.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жоба жоспарының болуы.<br>Жобаға қатысушылардың бейне есебі, фотосуреттері және пікірлерінің болуы.<br>Сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жобаларды жүзеге асырудың рефлексивті есебінің болуы.<br>Сынып жетекшісін жеке әдістемелік қолдау туралы рефлексивті есептің болуы, онда Бағдарлама идеясы контексінде сынып жетекшісінің қажеттіліктері; атқарылған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы; болған өзгерістерді бақылаудың нәтижелері; әдістемелік қолдаудың табыстылық дәрежесін бағлау көрініс табуы тиіс. |
| 4 | Ата-аналардың жиналысын жоспарлау және өткізу. | Бағдарламаның түйінді идеяларыаспектісінде ата-аналармен жұмысты терең түсінуі.<br>Рухани-адамгершілік тәрбиесі жәнебалаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлінің маңыздылығы туралы әңгімені сауатты әрі терең әзірлеуі.<br>Ата-аналармен әңгімеге арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі.<br>Ата-аналардың сұрақтарына сауатты жауап беру білігі.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған жиналыс жоспарының болуы.<br>Өткізілген ата-аналар жиналысы фотосуреттерінің және ата-аналар пікірлерінің болуы.<br>Өткізілген ата-аналар жиналысының рефлексивті есебінің болуы, онда ата-аналарда қандай өзгерістер болғандығы; олардың рухани-адамгершілік білім беруге қарым-қатынасы; ата-аналардың бір жарым ай ішінде балаларының бойынан қандай өзгерістерді байқағандығы көрініс табуы тиіс.<br>(сауалнама, сұрақ алу, бақылау). |
| 5 | Зерттеуші-мұғалімнің күнделік жүргізуі. | Зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрсетіледі:<br>мұғалімнің жеке өміріндегі және дүниетанымындағы өзгерістер және осы өзгерістердің педагогикалық іс-әрекеттердің сапасына ықпалы;<br>оқытылатын топтағы мұғалімнің дүниетанымындағы және жеке және кәсіби өміріндегі өзгерістер;<br>эксперимент сыныптағы оқушылардың өміріндегі және мінез-құлқындағы, сыныптың ахуалындағы және оқудағы өзгерістер. |
| 6 | Ізгілік педагогикасы классиктерінің бірінің адамгершілікті жеке өмірі туралы және оның бір шығармасын оқып талдау барысында алған әсері бойынша эссе. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Ізгілік педагогикасы классигінің өмірінен оның ойы, сөзі және ісімен бірлікте өмір сүргенін дәлелдейтін оқиғалардың болуы.<br>Оқылған шығарманы рухани-адамгершілік көзқарастан, яғни Бағдарлама идеясы позициясынан қайта ой-елегінен өткізу.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінісі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| | | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы. |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Гуманист-педагог Ш.А. Амонашвилидің бір еңбегі бойынша пікір. | Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінуі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 8 | "Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мұғалімнің рөлі" тақырыбындағы мақала. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Берілген әдебиеттер бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау.<br>Мұғалімнің жеке практикасынан шабыттандыратын мысалдардың болуы .<br>Жеке тәжірибесін ой елегінен шығармашылық қайта өткізу және талдау.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 9 | Мектеп пәндеріне жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялаудың мысалдары. | 5 мысалдан кем емес интеграцияның болуы.<br>5 мысалдың – 3 мысалы жаратылыстану ғылымдары білім беру аймағынан, 2 мысалы гуманитарлық беру аймағынан интеграция.<br>Рухани-адамгершілік заңдарының және жаратылыстану ғылымдары әлемінің заңдарының бірлігін көре білу білігі.<br>Түрлі оқу пәндерінен жалпыадамзаттық құндылықтардың заңдарда, ережелерде және түсініктерде бейнеленуін көру білігі.<br>Келтірілген мысалдардың рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Барлық мысалдар авторлық болуы тиіс, яғни басқа дереккөздерден алынбауы тиіс. |
| 10 | Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісінде өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізуі және жеке тәжірибесіне талдау жасауы бойынша курстық жұмыс жазу. | Өзін-өзі танудың метапәндік рөлін түсінудің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Бағдарламаның теориялық негіздерінен білімі және ұсынылған әдебиеттермен танысуы.<br>Практика үдерісінде өзінде, болып жатқандарға өзінің реакцияларына бақылау жасау негізінде жеке және кәсіби тәжірибелеріне терең талдау жасауы.<br>Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде оқушыларда және мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді бақылауы және терең талдау жасауы.<br>Жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдерінің болуы.<br>Теориялық бөлімде Бағарламаның негізгі идеяларын мұғалімнің ой елегінен өткізуі, ал практикалық бөлімде - жеке басындағы қайта өзгеруді ой елегінен өткізуі және зерттеуші-мұғалім күнделігінің материалдарына ғылыми талдау жасауы көрініс табуы тиіс.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы.<br>Жұмыстың сауатты рәсімделуі: кіріспе, теориялық бөлім, практикалық бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
4-қосымша

**"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы " Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" жалпы білім беретін мектеп педагогтарына арналған оқыту курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада жалпы білім беретін мектеп педагогтарының біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты өзінің үлгі-өнегесімен оқушылар мен мұғалімдерді шабыттандыратын шынайы көшбасшының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын мұғалім тұлғасын қайта өзгерту, оның рухани-адамгершілік пікірлерін, жағымды ойлауын , ойдың, сөздің және істің бірлігін дамыту болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты:

Педагог тұлғасының рухани-адамгершілік тұрғыда өзгертуге, оның ішкі әлеуетінің ашылуына, оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудің рухани-адамгершілік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік жасау.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) Бағдарламаның теориялық негіздерін үш модуль аясында тұжырымдамалық түсінуді қамтамасыз ету:

педагогтердің "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасы мазмұнының әдіснамалық негіздерін меңгеруі;

өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесін меңгеруі;

жалпыадамзаттық құндылықтарды өмірдің және кәсіби іс-әрекеттің тұлғалық мәні ретінде ұғынуы.

2) Бағдарламаның тұжырымдамалық идеяларын қазіргі таңдағы сабақ жағдайында тәжірибелік жүзеге асыруды, сондай-ақ, мұғалімдердің бойында келесі дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ету:

өзін-өзі тану сабақтарын жоспарлау және өткізу;

жеке және кәсіби өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды тәжірибеге ендіру кезінде өзін-өзі бақылау және жеке тәжірибесін талдау;

Бағдарламаның түйінді идеяларының аясында ата-аналар жиналысын өткізу;

Бағдарламаның түйінді идеялары аясында сабақтан тыс іс-әрекеттерді ұйымдастыру және өткізу;

рухани-адамгершілік білім аясында тарихи-философиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделеу.

3) Мұғалімдерді рухани-адамгершілік білім берудегі мұғалімдер қауымдастығына белсенді қатысуға дайындау.

7. Оқыту нәтижелері:

1) Бағдарламаның негізін құрайтын үш модуль аясында мұғалімнің тұжырымдамалық түсінік негіздері мен тәжірибелік дағдыларының қалыптасуы;

2) мұғалімнің бойында жағымды ойлау дағдыларының, өзін-өзі кемелдендіру қабілетінің, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алуға деген талпынысының болуы;

3) мұғалімнің "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың әдістемесін меңгеруі;

4) мұғалімнің Бағдарлама идеяларын оқушылармен және ата-аналармен жұмыста интеграциялауға дайындығы.

## 3. Бағдарламаның құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған үш кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарында", 2-қосымшасы "Оқу-тақырыптық жоспарында" сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен,

іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады.

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" өткізу (4-6 адамнан тұратын шағын топтарда мәселелер талқылау), тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, консультациялар, сабақтарға қатысу және талдау, сабақтар және оқушылармен оқудан тыс іс-әрекет өткізу, Бағдарламаның түйінді идеялары аясында ата-аналар жиналысын және мектептің әдістемелік бірлестігінің мұғалімдеріне семинар өткізу.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады. Әрбір модульдің соңында тыңдаушылар оқылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша меңгерілген білімдердің тереңдігін анықтау үшін бірінші және екінші модульдер бойынша презентацияларды бағалау критерийлері айқындалған:

1) Бағдарламаның оқытылатын модулінің тұжырымдамалық негізін түсінуі;

2) модульдің теориялық негізін білу және ұсынылған әдебиеттермен танысуы ;

3) презентация тақырыбы бойынша тренерлердің қойған сұрақтарына сауатты жауап бере білуі;

4) академиялық талаптарға сәйкес сауатты, нақты және аргументті баяндауы;

5) тыңдаушының рухани-адамгершілік және интеллектуалды деңгейі, жалпы тұлғалық мәдениеті, әріптестерімен қарым-қатынасында және киіну стилінде этикалық нормаларды сақтауы;

6) сөйлеу мәдениеті, шешендік өнері, слайдтар әзірлеу кезінде іскерлік стилін сақтауы (алаңдататын әсерлерсіз, көру арқылы қабылдауға ыңғайлы).

13. Бұл курс білімдерді аралық және қорытынды бағалауды ұйғарады. Аралық бағалау тыңдаушылардың Бағдарламаның әрбір модулі бойынша үш жеке презентацияларын қорғауы негізінде жүзеге асырылады. Презентациялар топта (4-6 адам) қорғалады және үш балдық жүйе бойынша топпен және кураторман бағаланады.

14. Қорытынды бағалау портфолионы, портфолио мазмұны бойынша презентацияларды бағалауды, біліктілік емтиханының нәтижелерін қамтиды.

15. Портфолионы бағалау критерийлері:

мектеп бағдарламасындағы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін түсіну және ой елегінен өткізу;

оқушылар мен мұғалімдерді өзінің мысалдарымен шабыттандыратын, шынайы көшбасшы әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу;

мектеп практикасында әріптестерін оқыту арқылы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру;

өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау және оқушылар мен мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді талдау мен бақылауды жүзеге асыру және де олардың зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрініс табуы;

жалпыадамзаттық құндылықтар практикасындағы жеке тәжірибені және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізу және талдау бойынша курстық жұмыс рәсімдеу.

## 4. Пәнге шолу

16. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

17. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, " Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидасы тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді;

18. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

19. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

20. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

21. Осы Бағдарлама құрылымы бойынша құрамдас болып табылады және оқу-әдістемелік материалдар кешені мен білімдік онлайн-платформадан тұрады.

22. Бағдарламаны меңгеру ұзақтығы – үш ай, үш кезеңге құрылымданған:

1) бірінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; төрт апта) Бағдарламаның түйінді идеяларына және олардың мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасайды;

2) екінші кезең – "Құндылықтар практикасы" (асинхронды оқыту; алты апта);
3) үшінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; екі апта).

23. Бірінші кезеңде тыңдаушыларға әрбір модульдің материалдарын зерделеп, модульдің бір тақырыбы бойынша презентацияларды қорғау міндеттеледі, жұмыс жеке дара орындаудан және әрбір модуль тақырыптарын топтық талқылаудан тұрады.

24. Бағдарламаның негізгі материалы тиісті сабақтарды зерделенетін үш модульге бөлінген. Осы модульдердің негізіне салынған идеялар өзара байланысты және өзара негізделген, сабақтарда қолданылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілімдемелер көптеген түрлі тақырыптардың идеяларын топтастырады.

25. Бағдарламаның үш модулі:

1) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері;

2) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының аксиологиялық негіздері;

3) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі.

26. Тыңдаушының жеке және кәсіби тәжірибесі туралы терең ойлануына және талдауына, Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде 3-қосымша "3 модуль бойынша тапсырмаларды бағалау критерийлеріне" сәйкес жеке дара зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін бірнеше жазбаша тапсырмаларды орындау.

27. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және топтық талқылау, жұмыс сабақты жеке дара бағалаудан және бірлескен топтық талқылаудан тұрады.

28. Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңі (асинхронды оқыту; 5-10 апталар).

29. Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінде Бағдарламаның негізгі идеялары сыныпта және тыңдаушының жеке өмірінде тәжірибе жүзіне асырылады. Аталмыш кезең екі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1) бірінші бағыт – алынған білімдерді күнделікті жеке өмірде және жалпыадамзаттық құндылықтарды сыныпта оқыту тәжірибесінде қолдану;

2) екінші бағыт – бірінші "Жүректен жүрекке" кезеңінде берілген " Құндылықтар практикасы кезеңінде орындауға арналған тапсырмалармен" жұмыс жасау. 4-қосымша "Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінің тапсырмаларын бағалау критерийлеріне" сәйкес тыңдаушының өміріндегі және оқыту тәжірибесіндегі өзгерістер оның мектептегі тәжірибесі кезеңінде жүйелі түрде бағаланады. Сондай-ақ, тыңдаушыға білім беру порталының көмегі арқылы тренерлер тарапынан қолдау (асинхронды оқыту) көрсетілетін болады.

30. Үшінші "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; 11-12 апталар) кезеңі мұғалімнің жеке өмірінде және оқытуда жүзеге асыратын өзгерістерді өзіндік және өзара рефлексиялауға, осы өзгерістердің нәтижелерін оқушылардың дамуына әсерін анықтау мақсатында өзіндік және өзара бағалауға бағдарланған. " Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке дара орындаған жұмыстарын тренерлер бағалап, ұсыныстар беретін болады. Сондай-ақ, қорытынды кезеңі барысында мұғалімдер жалпы білім беретін мектеп қабырғасында өзін-өзі тану сабақтарын және жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы сабақтан тыс жұмыстар өткізеді. Курстың соңында біліктілік емтиханы өткізіліп, қорытынды бағалар шығарылады.

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілшік
білім беру бойынша "Сабақтағы
жалпыадамзаттық құндылықтар"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Бірінші кезең "Жүректен жүреккке" | | |
| Бірінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Екінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Үшінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Төртінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Барлығы айына 160 аудиториялық сағат (1 сағат – 45 мин.) | | |
| "Құндылықтар практикасы" | | |
| Бірінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Екінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Үшінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Төртінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Бесінше апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Алтыншы апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Барлығы: 180 онлайн-сағат. (1 сағат – 45 минут)<br>Ескерту: "Құндылықтар практикасы" кезеңін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде әр тыңдаушыға тренерлер қатарынан тыңдаушыны асинхронды онлайн-форум құралдарымен қамтамасыз ететін және электронды пошта арқылы жеке хабарласу барысында қолдау көрсететін куратор бекітіледі. | | |
| "Жүректен жүреккке" | | |
| Бірінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Екінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Барлығы: 80 онлайн-сағат. (1 сағат – 45 минут) | | |
| Барлығы: 240 аудиториялық сағат, 180 онлайн-сағат (1 сағат – 45 минут)<br>Бағдарлама бойынша барлығы: 420 академиялық сағат | | |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілшік

білім беру бойынша "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

# Оқу-тақырыптық жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бірінші кезең "Жүректен жүреккке" (4 апта) | | | |
| Бірінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері | | | |
| 1 | Практикалық сабақ.<br>Лекция. "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы - "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру орталығы | "Бөбек" ҰҒПББСО қызметімен таныстыру. Тыңдаушыларды бір-бірімен таныстыру, командаларды топтастыру ойындары. Оқытудың табыстылығына ықпал ететін жағымды психологиялық ахуал туғызу. Бағдарламаға кіріспе, бағдарламаның басымдылықтары мен курсты өткізудің ережелері туралы көкейтесті ақпараттарға шолу. Кіріс сауалнамасын толтыру. | 8 |
| 2 | Лекция. Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білімнің басымдылығы туралы | Қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Адамзаттың жалпығаламшарлық бірлігі. Дағдарыстардың түрлері. Адамзаттың жаһандық мәселелерін шешудің жолдары. Адамзаттың жаһандық мәселелерінің рухани-адамгершілік сипаты. Білім беру саласын руханилық, ізгілік және гуманитарландыру жағына жаңартудың, тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғысынан дамытудың жүйелерін табудың қажеттілігі. | 4 |
| | Лекция. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздері | Әлемдік тарихи ретроспективадағы рухани-адамгершілік білім. Адамзаттың ұлы ұстаздарының өмірі мен ілімі (Сократ, Аристотель, Конфуций, ЛаоЦзы, М.Монтень, Р.Декарт, Э.Кант және тағы басқалар). Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білім (әл-Фараби, Ш.Құдайбердиев, Ы. Алтынсарин және тағы басқалар). Адамзаттың тарихи мұрасы ретіндегі барлық діндердің бірлігі. Адамзаттың рухани ұстаздарының барлығын біріктіретін жалпы ортақ нәрсені айқындайтын қорытындылар. Топпен жұмыс: "Ш.Құдайбердіұлына хат жазамыз". | 4 |
| 3 | Лекция.<br>"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері | Классиктер рухани-адамгершілік білім туралы (Парменид, Гераклит, Сократ, Платон, Демокрит, әл-Фараби, Ш.Құдайбердиев, Д.И.Менделеев, К.Д.Ушинский, Я.Корчак, К.Г.Юнг, К.Р.Роджерс, А.Маслоу, В.А.Сухомлинский, Ш.А.Амона-швили). "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының қағидаттары. Сана арқылы оқыту. Сананың құрылымы туралы. Қабылданатын ақпаратты бағалау. Сананы тазарту. Шығармашылық әрекет ("Жалғыз адам не істей алады?" ойыны). "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың шарттары. | 4 |
| | | Заманауи философиядағы рухани-адамгершілік білімге жаңа көзқарастар (А. Н.Нысанбаев, Г.Г.Соловьева, А.Г.Косиченко). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Лекция. Қазіргі білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа бағыттары | Психологиядағы рухани-адамгершілік білімге жаңа көзқарастар (К.Г.Юнг, К.Роджерс, А. Маслоу, К.Уилбер және тағы басқалар). Адам тұлғасының құрылымы. Ақылдың табиғаты. Педагогиканың үш типі. Мұғалімнің үш стилі. Ш.А.Амонашвили педагогикасындағы рухани ізгілік. Ізгілік педагогикасының Манифесі. "Жердегі жұлдызшалар" (" Звездочки на земле") фильмінен үзінді көрсету. | 4 |
| 4 | Лекция. Өзін-өзі тану және басқа пәндердің интеграциясы | Білімнің екі қанаты: сыртқы білім және ішкі білім. Ш.А.Амонашвили жанды, біртұтас білім туралы. Ғылымның жаңа постклассикалық емес философиясы. Нейрофизиология, биология, химия, физикадағы жаңа ашылулар. Сыртқы және ішкі интеграция. Интеграциялаудың жолдары. Ұлы ғалымдардың өмірлерінен мысалдар (И.Ньютон, Ч.Дарвин, М.Фарадей, А.Эйнштейн және басқалар). Гуманитарлық және жаратылыстану циклы пәндерімен интеграциялау мысалдары. Сумен тәжірибе көрсету. | 4 |
| | Лекция. Өзін-өзі тану сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы | Сағаттан тыс іс-әрекеттердің түрлері (спорт, драма үйірмесі, қызығушылығы бойынша клубтар, қайырымдылық акциялары, ақындар бұрышы, саяхаттар, спорт, ғылым күндері, пікірталас алаңдары және тағы басқалар). Сабақтан тыс іс-әрекеттегі мұғалімнің шабыттандыратын мысалдары. Қайырымдылық акцияларын жүргізудің ережелері. Драма үйірмесіндегі қойылымдар үлгісі. Шығармашылық іс-әрекеттер (рөлдік ойын "Істеріміз сөзімізге сәйкес болуы тиіс пе?") Топтық іс-әрекеттер (жалпыадамзаттық құндылықтар тақырыбына қойылымдар). Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде сабақтан тыс іс-әрекеттер жобасы. | 4 |
| 5 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның бірінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық | 1 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс. Бірінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Бірінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| Екінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 1модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 1модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 2 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері | | | |
| | Лекция. | Тұлға құндылықтарының иерархиясы. Құндылықтардың тұлғалық жүйесі. Тұлға құндылықтары жүйесінің жіктелуі ( Власова Т.И., Толстова О.С., Петракова Т.И.). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың аксиологиялық негіздері.<br>Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде | Жалпыадамзаттық абсолют құндылықтар. Жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау – ізгіліктілік көрінісіне жол. Жалпыадамзаттық құндылықтардың білім мазмұнына енгізілуі (А.Джумсаи Ш.А.Амонашвили, Д.М.Маллаев, С.А.Назарбаева және тағы басқалар). Жалпыадамзаттық құндылықтар және сананың құрылымы. Барлық болмыстың бастапқы табиғаты жөніндегі білім (Мәшһүр Жүсіп Көпей және тағы басқалар). Шындықтың мәні туралы (П.П.Гаряев). Абсолют және салыстырмалы ақиқат. Шығармашылық іс-әрекет (көзді жұмып затты тану). Нағыз шындық – бұл ар-ұждан. | 4 |
| | Лекция.<br>Сүйіспеншілік – өзін-өзі танудың негізін қалаушы қағидат | Сүйіспеншіліктің түрлері. Сүйіспеншілік мәңгі-лік жалпыадамзаттық құндылық ретінде. Таза, риясыз Сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік энергиясы. Физиктер сүйіспеншілік энергиясы жөнінде не айтады? Сүйіспеншілік жолындағы кедергілер. Педагогикадағы сүйіспеншілік ( Я.А.Коменский, Н.Толстой, В.А.Сухомлинский). "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудағы сүйіспеншілік. Сүйіспеншілікке толы өмірден мысалдар (Тереза ана, М.Ганди, Рейчел, Н.Вуйчич). Шығармашылық іс-әрекеттер: "Сүйіспеншілік энергиясын беру", "Ризашылық кристалы". | 4 |
| 4 | Лекция.<br>Дұрыс әрекет тәжірибесі өмірдің негізі ретінде | Дұрыс әрекет – жалпыадамзаттық құндылық ретінде (Пифагор , Л.Н.Толстой, Махатма Ганди, Бауыржан Момышұлы, Индира Ганди). Дұрыс әрекетке оқытудағы білім беру үдерісінің мақсаттары. Дұрыс әрекетке тән қасиеттер. Парыз және ар-ұждан. Шығармашылық іс-әрекет (жақыныңа жәрдемдес). Әйел қағидаты туралы (әйел парызы). Болып жатқанға қарсыласпау, жазғырмау, байланып қалмау – адамгершілікті өмірдің үш қыры. Күнделікті өмірдегі дұрыс әрекет тәжірибесі . | 4 |
| | Лекция.<br>Ішкі тыныштық пен қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі | Ішкі тыныштықтың мәні. Ақыл мен парасаттың (интеллект) табиғаты. Адамның жоғарғы рухани табиғаты тыныштық көзі ретінде. Ішкі тыныштыққа жету тәсілдері. Ойлану және ажырату. Даналық маржандары.<br>Шығармашылық іс-әрекет: "Ақылдың тыныштық күйінде сурет салу".<br>Қиянат жасамаудың сипаттық ерекшеліктері. Адамның өзіне қатысты қиянат жасамауы. Қазіргі әлемдегі қиянаттың себептері. Күнделікті өмірде қиянат жасамау тәжірибесі. " Өзін-өзі тану" пәнін оқытудағы қиянат жасамау. | 4 |
| 5 | Лекция.<br>Өзін-өзі танудағы мұғалімнің рөлі | Ата-аналар мен мұғалімдер еліктеудің үлгісі ретінде ( Ш.Құдайбердиев). Оқушы – лаулататын алау. Мұғалім мамандығы – кәсіп пе, әлде шығармашылық па? Шығармашылық тапсырма: (Мен оқушыларға не бере аламын? ) Януш Корчак – мамандықтағы құрбандық мысалы. Мұғалім-дердің үш типі. Мұғалімдерге арналған Ереже. Оқушыларға ақпарат жеткізудің тиімділігі. Мұғалім өміріндегі жағымды күйге келудің маңыздылығы туралы. | 4 |
| | Лекция. | Қазіргі әлемде көшбасшылықтың өзектілігі. Ұлы рухани ұстаздар көшбасшылық туралы (Лао Цзы, Ж.Баласағұни). Ұлы және шынайы көшбасшылар мен қарапайым ұлы көшбасшылардың арасындағы айырмашылық. Амбициялары қозғау салатын көшбасшылар мен идеялары қозғау салатын көшбасшылар арасындағы айырмашы-лық. Шынайы | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері | көшбасшылық тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының қосалқы нәтижесі ретінде. Риясыздық шынайы көшбасшылықтың негізі ретінде. Шынайы көшбасшының қасиеттері. Шынайы көшбасшылар мысалдары. | |
| Үшінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның екінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық | 2 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс, екінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Екінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылардың презентациясы | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушы-лардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушы-лардың жеке презентациясы. Power Point форма-тындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі | | | |
| 4 | Лекция.<br>"Өзін-өзі тану" пәнінің құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілері.<br>Мастер-класс. | Өзін-өзі тану пәнінің құрылымы. Сабақты жоспарлау негіздері . Сабақтың мақсаты мен міндеттері, олардың жалпыадамзаттық құндылықтар және оның қасиеттерімен байланысы. Өзін-өзі тануды оқытудың әдістеме-лік тәсілдері. Әдістемелік тәсілдерді қолдану тәртібі. Сабақтың рухани-адамгершілік тереңдігі. Сабақтағы жағымды көңіл-күйге келудің маңыздылығы. Жағымды көңіл-күйге келудің түрлері. Өзін-өзі тану сабағында дәйексөзбен жұмыс істеу. Сабақ дәйексөздерінің мысалдары. Өзін-өзі тану сабағы жоспарының үлгісі. Өзін-өзі тану сабағын талдаудың үлгісі. " Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік бағдарламасы тұрғысынан мектеп мониторингі. | 4 |
| | Лекция.<br>Өзін-өзі тану сабақтарындағы ән айту және музыка.<br>Өзін-өзі тану сабақтарындағы шығармашылық және топтық іс-әрекеттер | Адам өміріндегі дыбыстар Музыканың өсімдіктерге әсері ( Т.С.Н.Сингх,). Музыканың жануарларға әсері (Инайат Хан, Гамельн флейташысы туралы аңыз). Музыканың адамдар-ға әсері. Музыканың пайдалы қасиеттері. Музыка және оқыту ( Д.Годвин). Сабақтарға музыканы кіргізу әдістері (музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету, музыка тыңдау, жағымды көңіл-күйге келуге арналған музыка). Шығармашылық іс-әрекет (музыканың түрлерін тыңдау). Хормен ән айту. Хормен ән айтудың пайдалы жақтары. Топтық іс-әрекет ( сахналық қойылым көрсету, тестілеу, ойындар, топтық әңгіме және тағы басқалар). Шығармашылық жұмыс (әңгімеге иллюстрация, жағымды көңіл-күйге келуді көркем бейнелеу, суреттер арқылы құндылықтарды бейнелеу, өлең құрастыру және проза, жалпы топтық сурет). | 4 |
| | Лекция. | Оқытудың диалогтық әдісі. Әңгіменің мақсаты. Классиктер әңгіме туралы (Сократ, әл-Фараби, М.Монтень, Ш.Құдайбердиев, В.А.Сухомлинский). Педагог кітапханасы. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Әңгіме (аңыз) айту – оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үдерісіне тартудың тәсілі ретінде.<br>Мастер-класс. | Әңгіме айту өнері. Әңгіме таңдау. Әңгімелердің дерек көздері. Шабыттандыратын әңгімелер мысалдары. Әңгіме айтуға қажет көрнекі құралдар. Әңгіменің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі. Әңгіме айтудың техникасы. Шығармашылық тапсырма (сюжетке қатысты сұрақтар құрастыру). Адамгершілік білімдерді меңгеру үдерісі кезіндегі мұғалім мен оқушының өзара әрекеті. | 4 |
| | Лекция.<br>Ата-аналармен байланыс – "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың қажетті шарты | Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігі мен рөлі. Отбасындағы балаларға қарым-қатынас типтері. Отбасындағы өзара қарым-қатынас түрлерінің әрқилылығы. Әйелдер – рухани мәдениет бастауы. Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі. Ынтымақтастықта тәрбелеу. Жақсы отбасының қасиеттері. | 4 |
| Төртінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ.<br>Өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және талдау | Жалпы білім беретін мектептердегі өзін-өзі тану сабақтарына қатысу. Тыңдаушылардың сабақты жекелей жан-жақты талдауы. Сабақты топпен талдау. Жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша сабақ серияларының тізбегін жоспарлау. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның үшінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық | 3 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпылау сипатындағы кері байланыс. Үшінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Үшінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 3 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның үшінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | Жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі бойынша тыңдаушылардың өзін-өзі тану сабағы жоспарының жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. Үш модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 4 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның үшінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | Жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі бойынша тыңдаушылардың өзін-өзі тану сабағы жоспарының жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. Үш модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 5 | Практикалық сабақ.<br>Кезең бойынша қорытынды сабақ | Бағдарламаның үш модулі бойынша оқытудың нәтижесін жалпылау сипатындағы кері байланыс. "Құндылықтар практикасы" кезеңі тапсырмаларын шолу, топтық талқылау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі тапсырмалары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| Екінші кезең "Құндылықтар практикасы" (6 апта) | | | |
| Құндылықтар практикасына мыналар кіреді:<br>Бағдарламаның түйінді идеяларын жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша қолдану арқылы сабақтардың (бес сабақтан кем болмауы керек) сериялар тізбегін жоспарлау және өткізу.<br>Жеке басындағы және кәсіби өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде өзінде байқалған өзгерістерді көрсететін жеке тәжірибесін талдау арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың бірінен реферат жазу.<br>Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде ата-аналар жиналысының жоспарын жасау және өткізу.<br>Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде мұғалімдерге арналған мектептің әдістемелік бірлестігінің жоспарын жасау және семинарлар өткізу.<br>Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жобасын жасау және жүзеге асыру. | | | |

| |
|---|
| Ізгілік педагогикасы классиктерінің бірінің адамгершілік өмір салты туралы және оның бір шығармасын оқып талдау барысында алған жеке әсері жөнінде эссе жазу.<br>Ізгі-педагог Ш.А.Амонашвилидің бір еңбегі бойынша пікір жазу.<br>"Мені шабыттандырады…", "Мен шабыттандырамын…" тақырыптарында эссе жазу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялаудың мысалдары.<br>"Менің өмірімдегі шынайы көшбасшы" тақырыбына эссе жазу.<br>Портфолио әзірлеу.<br>Ескерту: "Құндылықтар практикасы" кезеңін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде әр тыңдаушыға тренерлер қатарынан тыңдаушыны асинхронды онлайн-форум құралдарымен қамтамасыз ететін және электронды пошта арқылы жеке хабарласу барысында қолдау көрсететін куратор бекітіледі. |
| Үшінші кезең "Жүректен жүрекке" (2 апта) |
| Бірінші апта |

| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Ынтымақтастық ахуалын құру . | Үшінші кезеңге кіріспе (аудиториялық оқыту) және " Құндылықтар практикасы" екінші кезеңін талдау. Нақты мектеп практикасындағы Бағдарламаны жүзеге асыруды шабыттандыратын мысалдарды топтық талдау.<br>Проблемалық сұрақтарды шешу жолдарын белгілеу және жағымды тәжірибемен бөлісу мүмкіндігі. Әріптестерімен кеңесу. | 8 |
| 2 | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | Мектепте жалпы-адамзаттық құндылық-тарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграция-лау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 3 | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| | | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | |
| | Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 5 | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| Екінші апта | | | |
| 1 | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 2 | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 3 | Квалификациялық емтиханға дайындық. | Квалификациялық емтихан тапсыруға жеке дайындық. Бағдарлама мазмұны бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 4 | Квалификациялық емтихан | Квалификациялық емтихан тапсыру. | 8 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | "Жүректен жүрекке" қорытынды кезеңі аралығындағы тыңдаушылардың практикалық іс-әрекеттерінің шығармашылық есебі. | Оқушылардың орындауы арқылы (қойылым, поэтикалық композиция, әндер, суреттердің көрмесі, журналистік есептер, ұсақ-түйек бұйымдар және тағы басқалар) тыңдаушылардың шығармашылық есебін өткізу. "Жүректен жүрекке" қорытынды кезеңі аралығындағы жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқушылармен өткізген сабақтан тыс іс-әрекеттерінің нәтижелері тыңдаушылардың баяндауында көрініс табуы тиіс. | 4 |
| | Қорытынды шығару. Курстың жабылуы. Сертификат тапсыру. | Базалық курстың қорытындысы бойынша дөңгелек үстелдер өткізу. Проблемалық сұрақтарды шешу жолдарын белгілеу және жағымды тәжірибемен бөлісу мүмкіндігі. Әріптестерімен және тренерімен кеңесу.<br>Курстың салтанатты жабылуы. | 4 |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілшік білім беру бойынша "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

# 3 модуль бойынша тапсырмаларды бағалау критерийлері

| № | Тапсырма | Бағалау критерилері |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы білім беретін мектеп базасында өткізілген практик-мұғалімнің өзін-өзі танудан ашық сабақтарын талдау. | Тыңдаушылар міндеті – сабақты келесідей параметрлер тұрғысынан талдау:<br>Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл күйге келуді дұрыс өткізу, алдын ала үйден оқудың болуы, мұғалімнің аңыз немесе оқиға айтуы, шығармашылық немесе топтық іс-әрекеттерді дұрыс өткізу, сабақта музыка ән айтуды қолдану).<br>Сабақ тақырыбының рухани-адамгершілік тереңдігін ашу (сабақты жүргізу барысында жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару, терең рухани-адамгершілік әңгіме ұйымдастыру, оқушылардың жауаптарына байланысты және жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға бағытталған сұрақтарды сауатты қоя білу).<br>Мұғалімнің сабаққа шығармашылық көзқарасы.<br>Оқушылардың жұмыс дәптерлерін жүргізуі.<br>Сабақтың музыкалық сүйемелденуі.<br>Мұғалім стилі (авторитарлық, либеральдық, ізгілікті).<br>Сабақтағы тәртіп.<br>Сабақ жоспарының болуы. |
| 2. | | Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл күйге келуді дұрыс өткізу, алдын ала үйден оқудың болуы, мұғалімнің аңыз немесе оқиға айтуы, шығармашылық немесе топтық іс-әрекеттерді дұрыс өткізу, сабақта музыка ән айтуды қолдану).<br>Тыңдаушының әзірлеу үшін таңдап алған тақырыбының өзін-өзі танудан мектеп бағдарламасына сәйкестігі.<br>Мұғалімнің сабақта айту үшін таңдаған әңгімесінің рухани-адамгершілік тереңдігі. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тыңдаушылардың өзін-өзі тану сабағын әзірлеуі | Мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы дағдыларын дамытуға сәйкес келетін шығармашылық, топтық іс-әрекеттердің және ән айтудың құндылықтық бағыттылығы.<br>Сабақтың мақсатында көрсетілген және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілшік
білім беру бойынша "Сабақтағы
жалпыадамзаттық құндылықтар"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 4-қосымша

# Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінің тапсырмаларын бағалау критерийлері

| № | Тапсырма | Бағалау критерилері |
|---|---|---|
| 1 | Бағдарламаның түйінді идеяларын жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша қолдану арқылы сабақтардың (бес сабақтан кем болмауы керек) серияларын тізбектеп жоспарлау және өткізу. | Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл күйге келуді дұрыс өткізу, алдын ала үйден оқудың болуы, мұғалімнің аңыз немесе оқиға айтуы, шығармашылық немесе топтық іс-әрекеттерді дұрыс өткізу, сабақта музыка ән айтуды қолдану).<br>Мұғалімнің сабақта айту үшін таңдаған әңгімесінің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы дағдыларын дамытуға сәйкес келетін шығармашылық, топтық іс-әрекеттердің және ән айтудың құндылықтық бағыттылығы.<br>Сабақтың мақсатында көрсетілген және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.<br>Бес сабақтың жоспары және әрбір өткізілген сабақ туралы қысқаша рефлексивті есептің болуы.<br>Бір сабақтың бейнежазбасының және оқушылардың шығармашылық жұмыстарының фотосуреттерінің болуы. |
| | | Жалпыадамзаттық құндылықтар мәнінің рухани-адамгершілік тереңдігін түсінуі.<br>Бағдарламаның теориялық негіздерінен білімі және ұсынылған әдебиеттермен танысуы. |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Жеке басындағы және кәсіби өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде өзінде байқалған өзгерістерді көрсететін жеке тәжірибесін талдау арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың бірінен реферат жазу. | Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде болып жатқандарға өз реакцияларының жеке тәжірибесін терең талдауы.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісіндегі кәсіби іс-әрекетінде болып жатқандарға өзіне, өз реакцияларына бақылау негізінде өзінің педагогикалық тәжірибесін терең талдауы.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісіндегі ішкі өзгерістерін қадағалау және ішкі өзгерістердің жұмыста, жеке өмірінде сыртқы жағдаяттарды өзгертуге қалай әкелетінін бақылау.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы.<br>Жұмыстың сауатты рәсімделуі: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. |
| 3 | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде ата-аналар жиналысының жоспарын жасау және өткізу. | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде ата-аналармен жұмысты терең түсінуі.<br>Рухани-адамгершілік тәрбиесі және балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлінің маңыздылығы туралы әңгімені сауатты әрі терең әзірлеуі.<br>Ата-аналармен әңгімеге арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі.<br>Ата-аналардың сұрақтарына сауатты жауап беру білігі.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған жиналыс жоспарының болуы.<br>Өткізілген ата-аналар жиналысы фотосуреттерінің және ата-аналар пікірлерінің болуы.<br>Өткізілген ата-аналар жиналысы туралы рефлексивті есептің болуы. |
| 4 | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде мұғалімдер үшін мектептің әдістемелік бірлестігінің жоспарын жасау және семинарлар өткізу. | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде мұғалімдермен жұмысты терең түсіну.<br>Рухани-адамгершілік тәрбиесінің және мұғалімнің қоғам өміріндегі рөлінің маңыздылығы туралы мұғалімдермен семинар өткізу жоспарын сауатты әрі терең әзірлеу білігі.<br>Семинарға арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі.<br>Мұғалімдердің сұрақтарына сауатты жауап беру білігі.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған семинар жоспарының болуы.<br>Семинардан фотосуреттердің және семинар туралы мұғалімдердің пікірлерінің болуы.<br>Мұғалімдерге арнап өткізілген семинар туралы рефлексивті есептің болуы. |
| | | Жобада оқушылар мен мұғалімнің қоғамға қызмет етуге, риясыз көмек көрсетуге бағытталған және т.с.с іс-әрекеттерінің көрініс табуы.<br>Осындай сипаттағы іс-әрекеттерді үнемі орындаудың қадеттілігіне ықпал ететін шарттарының болуы. |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жобалар жасау және жүзеге асыру. | Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жоба жоспарының болуы.<br>Жобаға қатысушылардың бейне есебі, фотосуреттері және пікірлерінің болуы.<br>Сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жобаларды жүзеге асырудың рефлексивті есебінің болуы. |
| 6 | Ізгілік педагогикасы классиктерінің бірінің адамгершілікті өмірі туралы және оның бір шығармасын оқып талдау барысында алған әсері бойынша эссе жазу . | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Ізгілік педагогикасы классигінің өмірінен оның ойы, сөзі және ісімен бірлікте өмір сүргенін дәлелдейтін оқиғалардың болуы.<br>Оқылған шығарманы рухани-адамгершілік көзқарастан, яғни Бағдарлама идеясы позициясынан қайта ой-елегінен өткізу.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінісі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 7 | Гуманист-педагог Ш.А.Амонашвилидің бір еңбегі бойынша пікір жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінуі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 8 | "Мені шабыттандырады…", "Мен шабыттандырамын…" тақырыптарында эссе жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Мұғалімнің жеке практикасынан шабыттандыратын мысалдардың болуы.<br>Жеке тәжірибесін ой елегінен шығармашылық қайта өткізу және талдау.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 9 | Жалпы білім беретін цикл пәндеріне жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялаудың мысалдары. | 5 мысалдан кем емес интеграцияның болуы.<br>5 мысалдың 3 мысалы жаратылыстану ғылымдары циклы пәндерінен интеграция, 2 мысалы гуманитарлық цикл пәндерінен интеграция.<br>Рухани-адамгершілік заңдарының және жаратылыстану ғылымдары әлемінің заңдарының бірлігін көре білу білігі.<br>Түрлі оқу пәндерінен жалпыадамзаттық құндылықтардың заңдарда, ережелерде және түсініктерде бейнеленуін көру білігі.<br>Келтірілген мысалдардың рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Барлық мысалдар авторлық болуы тиіс, яғни басқа дереккөздерден алынбауы тиіс. |
| | | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы. |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | "Менің өмірімдегі шынайы көшбасшы" тақырыбына эссе жазу. | Бағдарламада көрсетілген шынайы және лайықты көшбасшылық идеясын терең түсінуі.<br>Жеке өмірлік тәжірибесін Бағдарлама идеясы позициясынан қайта ой елегінен өткізуі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
5-қосымша

## "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы " Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты мұғалім тұлғасын қайта өзгерту, оның рухани-адамгершілік пікірлерін, жағымды және ажырата ойлауын, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алу және мұғалімдердің практикада "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру дайындығы болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты:

Жоғары рухани-адамгершілік түсінік және теориялық-практикалық даярлық деңгейіне ие, "Сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасын жүзеге асыруға дайын тәжірибелі мұғалімдерді даярлау.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) үш модуль контексінде "Сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының теориялық негіздерін тұжырымдамалық түсінуді қамтамасыз ету;

2) қазіргі мектеп жағдайында "Сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының тұжырымдамалық идеяларын практикада табысты жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар тыңдаушылардың бойында келесі дағдыларды қалыптастыру:

Бағдарлама негіздеріне мұғалімдерді оқытуды жоспарлау және ұйымдастыру;

сабақтан тыс іс-әрекеттерде, жалпы білім беретін циклдағы басқа пәндерге және ата-аналармен жұмыста өзін-өзі танумен интеграциялау мәселелерінде пән мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсету;

жеке және кәсіби өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде өзін-өзі бақылау және жеке тәжірибесіне талдау жасау;

"Сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының негізгі идеяларын практикада жүзеге асыру үдерісінде мұғалімдер мен оқушыларда болған өзгерістерді бақылау және талдау жасау.

3) тыңдаушыларды мұғалімдердің рухани-адамгершілік білім беру қауымдастығын ұйымдастыруға дайындау.

7. Оқыту нәтижелері:

Оқытудың нәтижелігіне қол жеткізудің қағидаттары:

1) тыңдаушының "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін терең түсінуі және тәжірибеде жүзеге асыру іскерлігі;

2) жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және өз ісімен оқушылар мен мұғалімдерді шабыттандыратын шынайы көшбасшының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу;

3) тыңдаушылардың курс аяқталған соң әріптестерін, басқа да тыңдаушыларды "Сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының негіздеріне төмендегі іс-әрекеттердің көмегімен оқыту қабілеттілігі:

интерактивті дәрістер, семинарлар, талқылаулар, дөңгелек үстелдер өткізу;

мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;

жеке әңгімелесу және жеке кеңес беру.

4) мектептерде рухани-адамгершілік білім беруді келесі әрекеттердің көмегімен жандандыруға атсалысу:

"Сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының тыңдаушыларына өзін-өзі танумен интеграциялау мәселелерінде сабақтан тыс іс-әрекеттерде, жалпы білім беретін циклдағы басқа пәндерде және ата-аналармен жұмыста қолдау көрсету;

ойы, сөзі және ісі бірлікте өмір сүретін шынайы көшбасшының рөлін атқару;

әріптестерімен тілектестік кәсіби қатынас орнату;

жалпымектептік тәрбие жұмыстарының аясында оқушылармен және мұғалімдермен рухани-адамгершілік мазмұнда іс-шаралар мен қайырымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу;

рухани-адамгершілік білім беру мұғалімдерінің қауымдастығын құру.

## 3. Бағдарламаның құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған үш кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарында", 2-қосымшасы "Оқу-тақырыптық жоспарында" сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен, іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" өткізу (4-6 адамнан тұратын шағын топтарда мәселелер талқылау), тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, консультациялар, сабақтарға қатысу және талдау, сабақтар және оқушылармен оқудан тыс іс-әрекет өткізу, Бағдарламаның түйінді идеялары аясында ата-аналар жиналысын және мектептің әдістемелік бірлестігінің мұғалімдеріне семинар өткізу.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оқылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша меңгерілген білімдердің тереңдігін анықтау үшін бірінші және екінші модульдер бойынша презентацияларды бағалау критерийлері айқындалған:

1) Бағдарламаның оқытылатын модулінің тұжырымдамалық негізін түсінуі;

2) модульдің теориялық негізін білу және ұсынылған әдебиеттермен танысуы ;

3) презентация тақырыбы бойынша тренерлердің қойған сұрақтарына сауатты жауап бере білуі;

4) академиялық талаптарға сәйкес сауатты, нақты және аргументті баяндауы;

5) тыңдаушының рухани-адамгершілік және интеллектуалды деңгейі, жалпы тұлғалық мәдениеті, әріптестерімен қарым-қатынасында және киіну стилінде этикалық нормаларды сақтауы;

6) сөйлеу мәдениеті, шешендік өнері, слайдтар әзірлеу кезінде іскерлік стилін сақтауы (алаңдататын әсерлерсіз, көру арқылы қабылдауға ыңғайлы).

13. Бұл курс білімдерді аралық және қорытынды бағалауды ұйғарады. Аралық бағалау тыңдаушылардың Бағдарламаның әрбір модулі бойынша үш жеке презентацияларын қорғауы негізінде жүзеге асырылады. Презентациялар топта (4-6 адам) қорғалады және үш балдық жүйе бойынша топпен және куратормен бағаланады.

14. Қорытынды бағалау портфолионы, портфолио мазмұны бойынша презентацияларды бағалауды, біліктілік емтиханының нәтижелерін қамтиды.

15. Портфолионы бағалау критерийлері:

1) мектеп бағдарламасындағы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін түсіну және ой елегінен өткізу;

2) оқушылар мен мұғалімдерді өзінің мысалдарымен шабыттандыратын, шынайы көшбасшы әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу;

3) мектеп практикасында әріптестерін оқыту арқылы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру;

4) өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау және оқушылар мен мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді талдау мен бақылауды жүзеге асыру және де олардың зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрініс табуы;

5) жалпыадамзаттық құндылықтар практикасындағы жеке тәжірибені және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізу және талдау бойынша курстық жұмыс жасау.

## 4. Пәнге шолу

16. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

17. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, " Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидасы тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді.

18. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып

қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

19. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

20. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

1) адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

2) өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

3) жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

4) алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

21. Осы Бағдарлама құрылымы бойынша құрамдас болып табылады және оқу-әдістемелік материалдар кешені мен білімдік онлайн-платформадан тұрады.

22. Бағдарламаны меңгеру ұзақтығы – үш ай, үш кезеңге құрылымданған:

1) бірінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; төрт апта) Бағдарламаның түйінді идеяларына және олардың мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасайды.

2) екінші кезең – "Құндылықтар практикасы" (асинхронды оқыту; алты апта).

3) үшінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; екі апта).

23. Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші "Жүректен жүрекке" кезеңінің тақырыптық мазмұны курстық даярлықтың басты міндетінің шешімі – әрбір тыңдаушыға өзінің мұғалім және адам ретіндегі парызын жаңаша ұғынуына көмектесуге сәйкес құрастырылған. Курстың мазмұны нені және қалай оқыту туралы ақпарат алуға ғана емес, ең алдымен мұғалім тұлғасының трансформациялануына немесе қайта өзгеруіне есептелген. Бұл мұғалімнің әрбір оқушы өзінің ішкі рухани-адамгершілік әлеуетін аша алатын оқу іс-әрекетіне жағдай жасау іскерлігін дамытуына мүмкіндік туғызады.

Бірінші кезеңде тыңдаушыларға келесі тапсырмаларды орындау міндеттеледі:

1) әрбір модульдің материалдарын зерделеп, модульдің бір тақырыбы бойынша презентацияларды қорғау, жұмыс жеке дара орындаудан және әрбір модуль тақырыптарын топтық талқылаудан тұрады;

2) тыңдаушының жеке және кәсіби тәжірибесі туралы терең ойлануына және талдауына, Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде жеке дара зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін бірнеше жазбаша тапсырмаларды орындау;

3) мектепте өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және топтық талқылау, жұмыс сабақты жеке дара бағалаудан және бірлескен топтық талқылаудан тұрады.

24. "Құндылықтар практикасы" кезеңінде мұғалім бір сыныптың мұғалімдерін өзін-өзі тануды пәндермен интеграциялауға үйрету арқылы Бағдарлама идеяларын сол сыныптың тұтас оқу үдерісіне, оқудан тыс іс-әрекетке және ата-аналармен жұмысқа интеграциялау бойынша кешенді жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ, мұғалім Мұғалім-Зерттеуші күнделігін жүргізеді, оның мазмұнында келесі жайттар баяндалады: мұғалімнің дүниетанымындағы және жеке өміріндегі өзгерістер, оқытылатын топтағы мұғалімдердің дүниетанымындағы, жеке және кәсіби өміріндегі және эксперименттік сынып оқушыларының өміріндегі және мінезіндегі өзгерістер, сынып пен оқудағы ахуалдың өзгеруі. Осы күнделік мәліметтері негізінде курстық жұмыс жазылады. Осы кезеңдегі тапсырмаларды бағалау 3-қосымша "Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінің тапсырмаларын бағалау критерийлеріне" сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тыңдаушыға білім беру порталының көмегі арқылы тренерлер тарапынан қолдау (асинхронды оқыту) көрсетілетін болады.

25. Үшінші "Жүректен жүрекке" кезеңі (дәрісханалық оқыту; 11-12 апталар) мұғалімнің жеке өмірінде және оқытуда жүзеге асыратын өзгерістерді өзіндік және өзара рефлексиялауға, осы өзгерістердің нәтижелерін оқушылардың дамуына әсерін анықтау мақсатында өзіндік және өзара бағалауға бағдарланған. " Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке дара орындаған жұмыстарын тренерлер бағалап, ұсыныстар беретін болады. Сондай-ақ, қорытынды кезеңі барысында мұғалімдер жалпы білім беретін мектеп қабырғасында өзін-өзі тану сабақтарын және жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы сабақтан тыс жұмыстар өткізеді.

Курстың соңында біліктілік емтиханы өткізіліп, қорытынды бағалар шығарылады.

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік
білім беру бойынша "Сыныптың тұтас
педагогикалық процесіндегі
жалпыадамзаттық құндылықтар"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 1-қосымша

# Оқу жоспары

| | | |
|---|---|---|
| І кезең "Жүректен жүрекке" | | |
| Бірінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Екінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Үшінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Төртінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Барлығы айына 160 аудиториялық сағат (1 сағ. – 45 мин.) | | |
| ІІ кезең "Құндылықтар аптасы" | | |
| Бірінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Екінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Үшінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Төртінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Бесінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Алтыншы апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Барлығы: 180 онлайн-сағат. (1 сағат – 45 минут)<br>Ескерту: "Құндылықтар практикасы" кезеңін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде әр тыңдаушыға тренерлер қатарынан тыңдаушыны асинхронды онлайн-форум құралдарымен қамтамасыз ететін және электронды пошта арқылы жеке хабарласу барысында қолдау көрсететін куратор бекітіледі. | | |
| Үшінші кезең "Жүректен жүреккке" | | |
| Бірінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Екінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Барлығы: 80 аудиториялық сағат. (1 сағат – 45 минут) | | |
| Барлығы: 240 аудиториялық сағат, 180 онлайн-сағат (1 сағат – 45 мин.)<br>Бағдарлама бойынша барлығы: 420 академиялық сағат | | |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік
білім беру бойынша "Сыныптың тұтас
педагогикалық процесіндегі
жалпыадамзаттық құндылықтар"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 2-қосымша

# Оқу-тақырыптық жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бірінші кезең "Жүректен жүреккке" (4 апта) | | | |
| Бірінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдар-ламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері | | | |
| | Практикалық сабақ. "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық | "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының қызметімен таныстыру. Тыңдаушыларды бір-бірімен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | , білім беру және сауықтыру орталығы - "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру орталығы | таныстыру, командаларды топтастыру ойындары. Оқытудың табыстылығына ықпал ететін жағымды психологиялық ахуал туғызу. Бағдарламаға кіріспе, бағдарламаның басымдылықтары мен курсты өткізудің ережелері туралы көкейтесті ақпараттарға шолу. Кіріс сауалнамасын толтыру. | 8 |
| 2 | Лекция. Білімдік сферасын руханилық және ізгілік бағытында жаңартудың қажеттілігі. | Ғаламдық заманауи проблемаларды топтарда талқылау және оларды шешудің жолдары. Әр топ дағдарыстың бір түрінен қойылым және рухани-адамгершілік білім берудің көмегімен одан шығудың жолдарын көрсетеді. Білімдік сферасын руханилық және ізгілік бағытында жаңартудың қажеттілігін топтарда талқылау. | 4 |
| | Лекция. Т а р и х и ретроспективтегі рухани-адамгершілік білім беру. | Адамзаттың ұлы ұстаздарының өмірі мен ілімін не біріктіретінін топтарда талқылау. (Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы, М.Монтень, Р.Декарт, Э.Кант). Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білім беру дәстүрлерін топтарда талқылау (әл-Фараби, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ы.Алтынсарин). Топтағы жұмыс: Адамзаттың тарихи мұрасы ретіндегі барлық діндердің бірлігі туралы плакатқа сурет салу. | 4 |
| 3 | Лекция. Сана арқылы оқыту. | "Өзін-өзі тану" рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының қағидаттары мен оны топтарда оқытудың шарттарын топтарда талқылау . Сананың құрылымын, қабылданған ақпараттың бағасын және сананы тазартудың тәсілдерін топтарда талқылау. Сананы тазартудың қажеттілігін негіздеу және түйсіну. | 4 |
| | Лекция. Рухани ізгілік. | Заманауи философия, психология және педагогикадағы рухани гуманизм идеяларын топтарда талқылау. Адамның тұлғалық құрылымын және ақылдың табиғатын топтарда талқылау. Педагогиканың үш типін және мұғалімнің үш стилін бейнелейтін қойылымдарды топтарда көрсету. | 4 |
| 4 | Лекция. Өзін-өзі тану мен басқа пәндердің интеграциясы. | Өзін-өзі тану мен басқа пәндерді қалай интеграциялауға болады? Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Топтарда интеграцияны талқы-лау. Ғалымдардың нейрофизиологиядан, биологиядан, химиядан, физикадан жаңа ашылуларын және ұлы ғалымдардың өмірлерінен мысалдарды топтарда талқылау. Топтардағы шығармашылық жұмыс: Әрбір топ жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық цикл пәндерінен интеграциялауға өз мысалдарын келтіреді. | 4 |
| | Лекция. Өзін-өзі тану сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы. | Сұрақтарды топтарда талқылау: Рухани-адамгершілік білім беруді сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы қалай жүзеге асыруға болады? Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Қайырымдылық акциялары ережелерін және мұғалімнің шабыттандыратын мысалдарының маңызды-лығын топтарда талқылау. Топтардағы шығармашылық іс-әрекеттер: Жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі қойылымдар. | 4 |
| 5 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның бірінші модулі б о й ы н ш а оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық | 1 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс. Бірінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Бірінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| Екінші апта | | | |
| | | | |

| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 1 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың топтағы жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 1 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут., талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 2 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері | | | |
| 3 | Лекция. Абсолют жалпыадамзаттық құндылықтар. Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде | Тұлғаның құндылық иерархиясы. Абсолют жалпыадамзаттық құндылықтар. Білім мазмұнына жалпыадамзаттық құндылықтарды кіргізудің маңызы мен топтарда сұрақтарды талқылаудың тәсілдері мәселелерін топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Жалпыадамзаттық құндылықтар және сананың құрылымы. Топтарда сұрақтарды талқылау: Абсолют ақиқат пен салыстырмалы ақиқаттың айырмашылығы неде? Шындықтың мәні туралы әңгіме. Топтардағы шығармашылық жұмыс "Нағыз шындық – бұл ар-ұждан"тақырыбына өлең немесе ән шығару. | 4 |
| | Лекция. Сүйіспеншілік энергиясы. | Сүйіспеншіліктің мәнін жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан топтарда талқылау. Сүйіспеншіліктің түрлері туралы қойылымдар көрсету. Сүйіспеншілік энергиясы және сүйіспеншілік энергиясы жолындағы кедергілер туралы әңгіме. Сүйіспеншілікпен сабақ өткізу дегеннің не екендігі туралы сұрақты топта талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Сүйіспеншілікке толы өмірден мысалдар келтіру. | 4 |
| 4 | Лекция. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі дұрыс әрекет. | Дұрыс әрекетке оқыту үдерісіндегі білімділік мақсаттары мен, Дұрыс әрекетке тән қасиеттерді топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Күнделікті өмірдегі дұрыс әрекет практикасын топтарда талқылау. "Қалаулар шегінің" төрт қағидатын және әрбір қағидат бойынша практикалық тапсырмалардың орындалуын топтарда талқылау. | 4 |
| | Лекция. Ішкі тыныштықтың мәні. | Топтарда сұрақтарды талқылау: Тыныштық деген не? Тыныштықтың ақылмен байланысы қандай? Ақыл дегеніміз не? Мен күнделікті өмірде ақылмен қалай жұмыс жасай аламын? Топта тыныштық туралы өлең жазу. Қиянат жасамаудың ерекшеліктерінің сипатын және күнделікті өмірдегі қиянат жасамау практикасын топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. "Өзіңе қатысты қиянат жасамау" тақырыбында топтарда қойылым көрсету және талқылау. | 4 |
| 4 | Лекция. Өзін-өзі танудағы мұғалімнің ролі. | Топтарда сұрақтарды талқылау: Мұғалім мамандығы кәсіп пе, әлде шығармашылық па? Ал Сіз су ағатын құбырда флейтада ноктюрн ойнай алар ма едіңіз? Мұғалімдерге арналған ережелерді және мұғалімнің өміріндегі жағымды көңіл күйге келудің маңыздылығын топтарда | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | | талқылау. Мұғалімдердің құрбандығы туралы мысалдары. "Мұғалім" тақырыбына топтарда плакаттар безендіру. | |
| | Лекция. Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері. | Топтарда сұрақтарды талқылау: Шынайы көшбасшы – ол кім? Шынайы көшбасшының қасиеттері қандай? Неліктен риясыздық – шынайы көшбасшының негізі? Шығармашылық топтық жұмыс: "Шынайы көшбасшының қылығы" тақырыбында өмірден алынған қойылым көрсету. | 4 |
| Үшінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның екінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық | 2 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс, екінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Екінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдау-шылардың топтағы жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 | Практикалық сабақ. Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдау-шылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 минут, талқылау 10-15 минут). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі | | | |
| 4 | Лекция. Өзін-өзі тану сабағын жоспарлау және өткізу бойынша шығармашылық шеберхана. Мектеп мониторингі мәселесі. | Жалпыадамзаттық құндылықтар мен оның қасиеттеріне сәйкес өзін - өзі тану сабағының құрылымын, сабақты жоспарлаудың негізін, сабақтың мақсаты мен міндеттерін құра білуін топтарда талқылау. Өзін-өзі тану сабағын жопарлау мен өткізуден тәжірибе алмасу. Өзін-өзі тану сабағындағы жағымды көңіл-күйдің маңызы мен дәйексөздермен жұмыстың түрлерін топтарда талдау. Өзін-өзі талдау рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы тұрғысынан мектептердің мониторингісі. | 4 |
| | Лекция. Топтың ән айту әдісі бойынша шығармашы-лық шеберхана және музыка және шығар-машылық іс-әрекет-терді сабақта қолдану. | Музыканың адам өміріндегі мәнін және сабақтарда музыка жүргізудің әдістерін топтарда талқылау. Сабақтарға музыканы енгізудің шабыттандыратын тәжірибесін әріптестермен алмасу. Өзін-өзі тану сабақтарындағы шығармашылық және топтық іс-әрекеттердің мәнін топтарда талқылау. Шығармашылық және топтық іс-әрекеттердің мәнін топтарда талқылау.<br>Шығармашылық және топтық іс-әрекеттердің әр түрлерін жүргізудің шабыттандыратын тәжірибелерін әріптестермен алмасу. | 4 |
| | Лекция. Оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үдерісіне | Оқытудың диалогтық әдісін, оқиға айту өнерін топтарда талқылау. Оқиға айтудың шабыттандыратын тәжірибесімен және терең | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | тартудың тәсілі ретінде оқиға(әңгіме) айту бойынша шығармашылық шеберхана. | рухани-адамгершілік әңгіме жүргізу тәжірибесімен әріптестерімен алмасу.<br>Адамгершілік білімдерді меңгерту үдерісінде, мұғалім мен оқушылардың шабыттандыратын тәжірибелерін топтарда талқылау. | 4 |
| | Лекция.<br>"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруді жүзеге асырудың қажетті шарты ретіндегі ата-аналармен байланыс. | Бала тәрбиелеудегі ата-аналардың жауапкершілігі мен рөлін рухани мәдениеттің тірегі ретіндегі ананың рөлін, әділеттілік пен тәртіптің сенімді қорғаушысы ретіндегі әкенің рөлін топтарда талқылау. Рухани-адамгершілік білім беру тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізудің өнегелі тәжірибелерімен топтарда алмасу. "Ынтымақтастықта тәрбиелеу. Жақсы отбасының қасиеттері" тақырыптарында қойылымдар көрсету. | 4 |
| Төртінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ.<br>Өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және талдау | Жалпы білім беретін мектептердегі өзін-өзі тану сабақтарына қатысу. Тыңдаушылардың сабақты жекелей жан-жақты талдауы. Сабақты топпен талдау. Жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша сабақ серияларының тізбегін жоспарлау. | 8 |
| 2 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның үшінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық | 3 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпылау сипатындағы кері байланыс. Үшінші модул бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Үшінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 3 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның үшінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | Жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі бойынша тыңдаушылардың өзін-өзі тану сабағы жоспарының жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. Үш модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 4 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның үшінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы | Жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі бойынша тыңдаушылардың өзін-өзі тану сабағы жоспарының жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. Үш модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 5 | Практикалық сабақ.<br>Кезеңді аяқтайтын қорытынды сабақ | Бағдарламаның үш модулі бойынша оқытудың нәтижесін жалпылау сипатындағы кері байланыс. "Құндылықтар практикасы" кезеңі тапсырмаларын шолу, топтық талқылау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі тапсырмалары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| Екінші кезең "Құндылықтар практикасы" (6 апта) | | | |
| Оқытудың "Құндылықтар практикасы" кезеңі келесі тапсырмаларды орындауды ұйғарады:<br>Бағдарламаның түйінді идеяларын қолдану арқылы Өзін-өзі танудан 3 сабақты және интеграцияланған екі сабақты ( гуманитарлық циклдан бір сабақ, ал жаратылыстану ғылымдары циклынан – екінші сабақ) жоспарлау және өткізу.<br>Бағдарламаның үш модулі бойынша 5 лекцияны бір сыныптың мұғалімдері үшін жоспарлау және өткізу.<br>Өзін-өзі тану және басқа мектептік пәндерді интеграциялау кезіндегі сынып мұғалімдерін тыңдаушылардың жеке әдістемелік қолдауы. | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сыныппен сабақтан тыс іс-әрекетті жоспарлау және өткізу. Сынып сағаттарын және сабақтан тыс іс–әрекеттерді өткізу мәселелерінде сынып жетекшілерін тыңдаушылардың жеке әдістемелік қолдауы.<br>Екі ата-аналар жиналысын (екінші кезеңнің басында және соңында) жоспарлау және өткізу.<br>Зерттеуші мұғалімнің күнделігін жүргізу, онда мыналар қаралады:<br>мұғалімнің жеке өміріндегі және дүниеге көзқарастарындағы өзгерістердің педагогикалық іс-әрекеттердің сапасына әсер етуі;<br>оқытылатын топтағы мұғалімнің көзқарасындағы, жеке өміріндегі және кәсіби өміріндегі өзгерістер;<br>эксперименттік сынып оқушыларының өмірі мен мінез-құлқындағы, сыныптағы және оқудағы ахуалдағы өзгерістер;<br>Ізгілік педагогикасы классиктерінің бірінің өмірі және оның бір шығармасы туралы эссе жазу.<br>Ізгі-педагог Ш.А. Амонашвилидің бір еңбегі бойынша пікір жазу.<br>"Мұғалімнің тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу кезіндегі рөлі".<br>Жалпыадамзаттық құндылықтарды мектеп пәндеріне интеграциялаудың мысалдары.<br>"Менің өміріmдегі шынайы көшбасшы" тақырыбына эссе жазу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтарды іс-жүзіне асыру үдерісі кезіндегі жеке тәжірибесінің мәнін түсінуі мен талдауы және өзін-өзі тануды сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне интеграциялаудың нәтижелері бойынша курстық жұмыс жазу.<br>Портфолио әзірлеу.<br>Ескерту: "Құндылықтар практикасы" кезеңін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде әр тыңдаушыға тренерлер қатарынан тыңдаушыны асинхронды онлайн-форум құралдарымен қамтамасыз ететін және электронды пошта арқылы жеке хабарласу барысында қолдау көрсететін куратор бекітіледі. | | | |
| Үшінші кезең "Жүректен жүрекке" (2 апта) | | | |
| Бірінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 | 1.Ынтымақтастық ахуалын туғызу. Накты мектеп практикасындағы Бағдарламаның үш модулі. | "Жүректен жүрекке" үшінші кезеңге кіріспе (аудиториялық оқыту) және "Құндылықтар практикасы" екінші кезеңін талдау.<br>Проблемалық сұрақтарды шешу жолдарын белгілеу және жағымды тәжірибемен бөлісу мүмкіндігі. Рухани-адамгершілік білім беретін мұғалімдердің қоғамын құру туралы мәселелерді талқылау. Әріптестерімен және тренерлермен кеңесу. | 8 |
| 2 | 1. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | 2. Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Жалпыадамзаттық құндылық-тардың негізінде интеграциялау арқылы оқушылармен өзін-өзі тану, сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| | 1. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңіндегі тыңдаушылардың өз есебі бойынша жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | 2. Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Оқушылармен жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде интеграцияланған өзін-өзі тану, сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 4 | 1. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебінің жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | 2. Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Оқушылармен жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде интеграцияланған өзін-өзі тану, сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 5 | 1. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңіндегі тыңдаушылардың өз есебінің жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | 2. Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Оқушылармен жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде интеграцияланған өзін-өзі тану, сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| Екінші апта | | | |
| 1 | 1. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың есебі. | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебінің жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | 5 |
| | 2. Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| | 1. "Құндылықтар практикасы" кезеңі | "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың өз есебінің жеке презентациясы (әрбір тыңдаушы үшін бір академиялық | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | бойынша тыңдаушылардың есебі. | сағат). Баяндауды топтық талдау және өзара бағалау. "Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке жұмыстарына ұсынымдар және қорытынды бағалау. | |
| | 2. Мектепте жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы өзін-өзі тану сабақтарын және сабақтан тыс іс-әрекеттерді өткізу. | Тыңдаушылардың шығармашылық, топтық жұмыстары. Мектепте өзін-өзі тану сабақтарын дайындау, өткізу және бағалау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы оқушылармен сабақтан тыс, үйірме сабақтарын жоспарлау және өткізу. | 3 |
| 3 | Квалификациялық емтиханға дайындық. | Квалификациялық емтихан тапсыруға жеке дайындық. Бағдарлама мазмұны бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 8 |
| 4 | Квалификациялық емтихан | Квалификациялық емтихан тапсыру. | 8 |
| 5 | 1. "Жүректен жүрекке" қорытынды кезеңі аралығындағы тыңдаушылардың практикалық іс-әрекеттерінің шығармашылық есебі. | Оқушылардың орындауы арқылы (қойылым, поэтикалық композиция, әндер, суреттердің көрмесі, журналистік есептер, ұсақ-түйек бұйымдар және тағы басқалар) тыңдаушылардың шығармашылық есебін өткізу. "Жүректен жүрекке" қорытынды кезеңі аралығындағы жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқушылармен өткізген сабақтан тыс іс-әрекеттерінің нәтижелері тыңдаушылардың баяндауында көрініс табуы тиіс. | 4 |
| | 2. Қорытынды шығару. Курстың жабылуы. Сертификат тапсыру. | Базалық курстың қорытындысы бойынша дөңгелек үстелдер өткізу. Проблемалық сұрақтарды шешу жолдарын белгілеу және жағымды тәжірибемен бөлісу мүмкіндігі. Әріптестерімен және тренерімен кеңесу. Курстың салтанатты жабылуы. | 4 |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## "Құндылықтар практикасы" кезеңіндегі тапсырмаларды бағалау критерийлері

| № | Тапсырма | Бағалау критериі |
|---|---|---|
| | | Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл күйге келуді дұрыс өткізу, алдын ала үйден оқудың болуы, мұғалімнің аңыз немесе оқиға айтуы, шығармашылық немесе топтық іс-әрекеттерді дұрыс өткізу , сабақта музыка ән айтуды қолдану).<br>Мұғалімнің сабақта айту үшін таңдаған әңгімесінің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу. |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Бағдарламаның түйінді идеяларын жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша қолдану арқылы сабақтардың (бес сабақтан кем болмауы керек) тізбектелген серияларын жоспарлау және өткізу. | Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы дағдыларын дамытуға сәйкес келетін шығармашылық, топтық іс-әрекеттердің және ән айтудың құндылық бағыттылығы.<br>Сабақтың мақсатында және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.<br>Интеграцияланған сабақтар үшін қажетті: сабақтың басы мен соңында жағымды көңіл күйге келуді өткізу; жаратылыстану ғылымдары циклы пәндерімен интеграцияның рухани-адамгершілік тереңдігі; мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу; сабақтың мақсатында және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.<br>Бес сабақтың жоспары және әрбір өткізілген сабақ туралы қысқаша рефлексивті есептің болуы.<br>Бір сабақтың бейнежазбасының және оқушылардың шығармашылық жұмыстарының фотосуреттерінің болуы. |
| 2 | Бағдарламаның үш модулі бойынша бір сыныптың мұғалімдері үшін бес лекция жоспарлау және өткізу. Өзін-өзі тану және басқа мектеп пәндерін интеграциялау мәселелерінде тыңдаушылардың мұғалімдерді жекелей әдістемелік қолдауы. | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде мұғалімдермен жұмысты терең түсіну.<br>Рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы және "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлі туралы мұғалімдермен семинар өткізу жоспарын сауатты әрі терең әзірлеу білігі.<br>Семинарға арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі.<br>Мұғалімдердің сұрақтарына сауатты жауап беру білігі.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылып, мектеп мөрі басылған лекция жоспарының болуы.<br>Лекциядан фотосуреттердің болуы.<br>Сынып жетекшісін жеке әдістемелік қолдау туралы рефлексивті есептің болуы, онда Бағдарлама идеясы контексінде сынып жетекшісінің қажеттіліктері; атқарылған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы; болған өзгерістерді бақылаудың нәтижелері; әдістемелік қолдаудың табыстылық дәрежесін бағлау көрініс табуы тиіс. |
| 3 | Сыныппен оқудан тыс іс-әрекеттерді жоспарлау және өткізу. Сынып сағаттары мен оқудан тыс іс-әрекеттерді өткізу мәселелерінде тыңдаушылардың мұғалімдерді жекелей әдістемелік қолдауы. | Жобада оқушылар мен мұғалімнің қоғамға қызмет етуге, риясыз көмек көрсетуге бағытталған және т.с.с іс-әрекеттерінің көрініс табуы.<br>Осындай сипаттағы іс-әрекеттерді үнемі орындаудың қадеттілігіне ықпал ететін шарттарының болуы.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жоба жоспарының болуы.<br>Жобаға қатысушылардың бейне есебі, фотосуреттері және пікірлерінің болуы.<br>Сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жобаларды жүзеге асырудың рефлексивті есебінің болуы.<br>Сынып жетекшісін жеке әдістемелік қолдау туралы рефлексивті есептің болуы, онда Бағдарлама идеясы контексінде сынып жетекшісінің қажеттіліктері; атқарылған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы; болған өзгерістерді бақылаудың нәтижелері; әдістемелік қолдаудың табыстылық дәрежесін бағлау көрініс табуы тиіс. |
| | | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде ата-аналармен жұмысты терең түсінуі. |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Ата-аналардың екі жиналысын жоспарлау және өткізу (екінші кезеңнің басында және соңында). | Рухани-адамгершілік тәрбиесі және балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлінің маңыздылығы туралы әңгімені сауатты әрі терең әзірлеуі.<br>Ата-аналармен әңгімеге арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі.<br>Ата-аналардың сұрақтарына сауатты жауап беру білігі.<br>Директордың немесе директордың орынбасарының қолы қойылған, мектеп мөрі басылған жиналыс жоспарының болуы.<br>Өткізілген ата-аналар жиналысы фотосуреттерінің және ата-аналар пікірлерінің болуы.<br>Өткізілген ата-аналар жиналысының рефлексивті есебінің болуы, онда атаа-аналарда қандай өзгерістер болғандығы; олардың рухани-адамгершілік білім беруге қарым-қатынасы; ата-аналардың бір жарым ай ішінде балаларының бойынан қандай өзгерістерді байқағандығы көрініс табуы тиіс.<br>(сауалнама, сұрақ алу, бақылау). |
| 5 | Зерттеуші-мұғалімнің күнделік жүргізуі. | Зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрсетіледі:<br>мұғалімнің жеке өміріндегі және дүниетанымындағы өзгерістер және осы өзгерістердің педагогикалық іс-әрекеттердің сапасына ықпалы;<br>оқытылатын топтағы мұғалімнің дүниетанымындағы және жеке және кәсіби өміріндегі өзгерістер;<br>эксперимент сыныптағы оқушының өміріндегі және мінез-құлқындағы, сыныптың ахуалындағы және оқудағы өзгерістер. |
| 6 | Ізгілік педагогикасы классиктерінің бірінің адамгершілікті жеке өмірі туралы және оның бір шығармасын оқып талдау барысында алған әсері бойынша эссе жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Ізгілік педагогикасы классигінің өмірінен оның ойы, сөзі және ісімен бірлікте өмір сүргенін дәлелдейтін оқиғалардың болуы.<br>Оқылған шығарманы рухани-адамгершілік көзқарастан, яғни Бағдарлама идеясы позициясынан қайта ой-елегінен өткізу.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінісі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 7 | Гуманист-педагог Ш.А. Амонашвилидің бір еңбегі бойынша пікір жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінуі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 8 | "Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мұғалімнің рөлі" тақырыбындағы мақала. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Берілген әдебиеттер бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау.<br>Мұғалімнің жеке практикасынан шабыттандыратын мысалдардың болуы.<br>Жеке тәжірибесін ой елегінен шығармашылық қайта өткізу және талдау.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| | | 5 мысалдан кем емес интеграцияның болуы. |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Жалпы білім беретін цикл пәндеріне жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялаудың мысалдары. | 5 мысалдың – 3 мысалы жаратылыстану ғылымдары білім беру аймағынан, 2 мысалы гуманитарлық беру аймағынан интеграция.<br>Рухани-адамгершілік заңдарының және жаратылыстану ғылымдары әлемінің заңдарының бірлігін көре білу білігі.<br>Түрлі оқу пәндерінен жалпыадамзаттық құндылықтардың заңдарда, ережелерде және түсініктерде бейнеленуін көру білігі.<br>Келтірілген мысалдардың рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Барлық мысалдар авторлық болуы тиіс, яғни басқа дереккөздерден алынбауы тиіс. |
| 10 | "Менің өмірімдегі шынайы көшбасшы" тақырыбына эссе жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Бағдарламада көрсетілген шынайы және лайықты көшбасшылық идеясын терең түсінуі.<br>Жеке өмірлік тәжірибесін Бағдарлама идеясы позициясынан қайта ой елегінен өткізуі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 11 | Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісінде өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізуі және жеке тәжірибесіне талдау жасауы бойынша курстық жұмыс жазу. | Өзін-өзі танудың метапәндік рөлін түсінудің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Бағдарламаның теориялық негіздерінен білімі және ұсынылған әдебиеттермен танысуы.<br>Практика үдерісінде өзінде, болып жатқандарға өзінің реакцияларына бақылау жасау негізінде жеке және кәсіби тәжірибелеріне терең талдау жасауы.<br>Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде оқушыларда және мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді бақылауы және терең талдау жасауы.<br>Жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдерінің болуы.<br>Теориялық бөлімде Бағарламаның негізгі идеяларын мұғалімнің ой елегінен өткізуі, ал практикалық бөлімде - жеке басындағы қайта өзгеруді ой елегінен өткізуі және зерттеуші-мұғалім күнделігінің материалдарына ғылыми талдау жасауы көрініс табуы тиіс.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы.<br>Жұмыстың сауатты рәсімделуі: кіріспе, теориялық бөлім, практикалық бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
6-қосымша

# "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған "Мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты мұғалім тұлғасын қайта өзгерту, оның рухани-адамгершілік пікірлерін, жағымды және ажырата ойлауын, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алу және мұғалімдердің практикада "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру дайындығы болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты:

Шынайы көшбасшы, ойдың, сөздің және істің бірлігімен өмір сүретін, жоғары рухани-адамгершілік түсінік және теориялық-практикалық даярлық деңгейіне ие, өзін-өзі тану бойынша пилоттық мектеп үлгісін жүзеге асыруға және 5-қосымша "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының үш курсының құрылымы мен прогрессиясына" сәйкес мектептер желісінің деңгейінде ынтымақтастыққа және әріптестерін Бағдарлама негіздерін үйретуге дайын мұғалімдерді даярлау.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) "Мектептің тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының теориялық негіздерін үш модуль аспектісінде тұжырымдамалық түсінуді қамтамасыз ету.

2) "Мектептің тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" бағдарламасының тұжырымдамалық идеяларын қазіргі мектеп жағдайында табысты практикалық жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ, мұғалім бойында келесі дағдыларды қалыптастыру:

өзін-өзі тануды мектептің тұтас педагогикалық үдерісіне интеграциялау;

өзін-өзі тану бойынша пилоттық мектеп үлгісін жүзеге асыру;

өз мектебінің және мектептер желісінің мұғалімдеріне Бағдарлама негіздерін үйретуді жоспарлау және ұйымдастыру;

рухани-адамгершілік білім беру мәселелері бойынша мұғалімдерге жеке әдістемелік көмек көрсету;

жалпыадамзаттық құндылықтарды жеке және кәсіби өмірде қолдану үдерісінде өзін-өзі бақылау және жеке тәжірибесін бақылау;

рухани-адамгершілік білім беру бойынша мектептерге мониторинг жүргізу;

мектеп базасында ғылыми зерттеу жүргізу;

рухани-адамгершілік білім беру мұғалімдерінің желілік қауымдастығын басқаруды ұйымдастыру;

Қазақстан мұғалімдерін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ортақ білім кеңістігін құруға дайындау.

7. Оқыту нәтижелері:

Курс соңында мұғалімдер:

1) Білетін және түсінетін болады:

жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін және өмірде осы құндылықтарды басшылыққа алудың маңыздылығын;

тұтас білім берудің мәнін;

өзін-өзі тануды мектептің тұтас педагогикалық үдерісіне интеграциялаудың мәнін;

ғылыми зерттеулер жүргізудің әдістерін.

2) өз мектебінің аясында қабілетті болады:

өзін-өзі тану бойынша пилоттық мектеп үлгісін жүзеге асыруға;

рухани-адамгершілік білім беру бойынша мектептерге мониторинг жүргізуге;

рухани-адамгершілік білім беру идеяларын оқу пәндерінің, сабақтан тыс іс-әрекетке, қосымша білім беру мазмұнына интеграциялау мәселелері бойынша әріптестерін оқытуға және жеке әдістемелік көмек көрсетуге;

жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өзін-өзі тану сабақтарын, интеграцияланған сабақтарды, сабақтан тыс іс-әрекетті және қосымша білім беру бойынша сабақтарды жоспарлау және өткізу бойынша жұмыстарды бастамашылық ету және өткізу;

жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жалпымектептік іс-шараларды бірлесіп жоспарлау және өткізу бойынша өзіне бастама алу.

Мектептер желісі аясында өз және өзге мектептерде:

ойдың, сөздің және істің бірлігімен өмір сүретін шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттерін көрсету, төзімді болу, жағымды ойлау және жұмысты табандылықпен атқару, қиындықтарға төтеп беріп, ұжымды алға бастау;

ұйымдастырушылық дағдыларды көрсету, әріптестермен, мектеп әкімшілігімен және мектептер желісіндегі әріптестермен сенімді қатынас орнату және бекіту;

мектептер желісі аясында әріптестерді жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқыту жөнінде келіссөздерге бастамашылық ету және жүргізу;

рухани-адамгершілік білім беру бойынша бірлескен семинарлар, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізуге бастамашылық ету, жұмылдыру және қатысу;

тұтас білім берудің теориясы мен тәжірибесі туралы ғылыми-педагогикалық журналдарға мақалалар жазу;

басқа мектептердің басшылық топтарымен тығыз ынтымақтасу, тұтас білім берудің жағымды тәжірибесімен басқа мектептермен бөлісуге мүмкіндік туғызу, осылайша, мектептің рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуына өз үлесін қосу;

өзін-өзі тану бойынша пилоттық мектептерді ұйымдастыруға, пилоттық мектеп үлгісінің элементтерін жүзеге асыруға, рухани-адамгершілік білім беру бойынша мұғалімдердің тәжірибелерін жинақтауға және барлық мектеп желілері үшін тұтас білім беру сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге көмектесу.

3) курс соңында мұғалімдер мектепте және мектеп желісінде әріптестерін келесі тәсілдердің көмегімен оқытуға қабілетті болады:

интерактивті дәрістер, семинарлар, талқылаулар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізу;

мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету;

жеке әңгімелесу және жеке кеңес беру;

on-line оқыту.

## 3. Бағдарлама құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған үш кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарының", "Оқу-тақырыптық жоспары" қосымшасында сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен,

іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" өткізу (4-6 адамнан тұратын шағын топтарда мәселелер талқылау), тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, консультациялар, сабақтарға қатысу және талдау, сабақтар және оқушылармен оқудан тыс іс-әрекет өткізу, Бағдарламаның түйінді идеялары аясында ата-аналар жиналысын және мектептің әдістемелік бірлестігінің мұғалімдеріне семинар өткізу.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оқылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша меңгерілген білімдердің тереңдігін анықтау үшін бірінші және екінші модульдер бойынша презентацияларды бағалау критерийлері айқындалған:

1) Бағдарламаның оқытылатын модулінің тұжырымдамалық негізін түсінуі;

2) модульдің теориялық негізін білу және ұсынылған әдебиеттермен танысуы ;

3) презентация тақырыбы бойынша тренерлердің қойған сұрақтарына сауатты жауап бере білуі;

4) академиялық талаптарға сәйкес сауатты, нақты және аргументті баяндауы;

5) тыңдаушының рухани-адамгершілік және интеллектуалды деңгейі, жалпы тұлғалық мәдениеті, әріптестерімен қарым-қатынасында және киіну стилінде этикалық нормаларды сақтауы;

6) сөйлеу мәдениеті, шешендік өнері, слайдтар әзірлеу кезінде іскерлік стилін сақтауы (алаңдататын әсерлерсіз, көру арқылы қабылдауға ыңғайлы).

13. Бұл курс білімдерді аралық және қорытынды бағалауды ұйғарады. Аралық бағалау тыңдаушылардың Бағдарламаның әрбір модулі бойынша үш жеке презентацияларын қорғауы негізінде жүзеге асырылады. Презентациялар топта (4-6 адам) қорғалады және үш балдық жүйе бойынша топпен және куратормен бағаланады.

14. Қорытынды бағалау портфолионы, портфолио мазмұны бойынша презентацияларды бағалауды, біліктілік емтиханының нәтижелерін қамтиды.

15. Портфолионы бағалау критерийлері:

1) мектеп бағдарламасындағы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін түсіну және ой елегінен өткізу;

2) оқушылар мен мұғалімдерді өзінің мысалдарымен шабыттандыратын, шынайы көшбасшы әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу;

3) мектеп практикасында әріптестерін оқыту арқылы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру;

4) өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау және оқушылар мен мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді талдау мен бақылауды жүзеге асыру және де олардың зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрініс табуы;

5) жалпыадамзаттық құндылықтар практикасындағы жеке тәжірибені және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізу және талдау бойынша курстық жұмыс жасау.

## 4. Пәнге шолу

16. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

17. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, " Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидасы тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді.

18. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

19. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

20. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

1) адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

2) өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

3) жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

4) алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

21. Бағдарлама құрылымы бойынша құрамдас болып табылады және оқу-әдістемелік материалдар кешені мен білімдік онлайн-платформадан тұрады. Бағдарлама үш кезеңге құрылымданған:

бірінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; төрт апта);

екінші кезең – "Құндылықтар практикасы" (асинхронды оқыту; алты апта);

үшінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; екі апта).

22. Бірінші "Жүректен жүрекке" кезеңі "Мектептің тұтас педагогикалық үдерісіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасының түйінді идеяларына және олардың мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасайды..

23. Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінде Бағдарламаның негізгі идеялары тыңдаушының жеке және кәсіби өмір тәжірибесінде жүзеге асуы тиіс. Осы кезеңнің барысында мұғалімдер өзін-өзі тану бойынша пилоттық мектеп үлгісінің элементтерін жүзеге асыра отырып, Бағдарлама идеяларын мектептің тұтас педагогикалық үдерісіне интеграциялауды жүзеге асыратын болады. Жұмыс келесі бағытта жүргізілетін болады:

1) мектептің бастапқы ахуалына мониторинг жүргізу (3-қосымша "Өзін-өзі тану пәнінің оқытылу ахуалының жинақ кестесінде" сипатталған);

2) мектеп мұғалімдерімен жұмыс жүргізуді жоспарлау;

3) өзін-өзі тану бойынша пилоттық мектеп үлгісінің элементтерін жоспарлау және жүзеге асыру;

4) өзгерістер енгізу үдерісінің нәтижелерін және салдарларын бағалау;

5) желілік қауымдастықтар арқылы басқа мектептермен байланыс орнату;

6) ғылыми-зерттемелік дипломдық жұмыс жазу;

7) портфолио жабдықтау (4-қосымша "Портфолионы бағалау критерийлерінде" сипатталған).

"Құндылықтар практикасы" кезеңі кезінде мұғалімдерге білім беру порталының көмегі арқылы тренерлер қатарындағы куратор тарапынан қолдау ( асинхронды оқыту) көрсетілетін болады.

24. Үшінші "Жүректен жүрекке" кезеңі мұғалімнің жеке өмірінде және оқытуда жүзеге асыратын өзгерістерді өзіндік және өзара рефлексиялауға, осы өзгерістердің нәтижелерін оқытушылардың, оқушылардың дамуына және тұтас мектеп ахуалына әсерін анықтау мақсатында өзіндік және өзара бағалауға бағдарланған. Тренерлер үшінші "Жүректен жүрекке" кезеңінің соңғы аптасы кезінде мұғалімдерге олардың дипломдық жұмысын дайындауына атсалысады, " Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке дара орындаған жұмыстарын тренерлер бағалап, ұсыныстар беретін болады.

25. Курстың соңында біліктілік емтиханы өткізіліп, қорытынды бағалар шығарылады.

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік
білім беру бойынша "Мектептің тұтас
педагогикалық процесіндегі
жалпыадамзаттық құндылықтар"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 1-қосымша

# Оқу жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Бірінші кезең "Жүректен жүрекке" | | |
| Бірінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Екінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Үшінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | 40 аудиториялық сағат аптасына |
| Барлығы айына 120 аудиториялық сағат (1 сағ. – 45 мин.) | | |
| Екінші кезең "Құндылықтар аптасы" | | |
| Бірінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Екінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Үшінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Төртінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Бесінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Алтыншы апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Жетінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Сегізінші апта | 5 сағат күніне* 6 күн. | аптасына 30 онлайн сағат |
| Барлығы: 240 онлайн-сағат. (1 сағат – 45 минут)<br>Ескерту: "Құндылықтар практикасы" кезеңін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде әр тыңдаушыға тренерлер қатарынан тыңдаушыны асинхронды онлайн-форум құралдарымен қамтамасыз ететін және электронды пошта арқылы жеке хабарласу барысында қолдау көрсететін куратор бекітіледі. | | |
| Үшінші кезең "Жүректен жүреккке" | | |
| Бірінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Екінші апта | 8 сағат күніне* 5 күн | аптасына 40 аудиториялық сағат |
| Барлығы: 80 аудиториялық сағат. (1 сағат – 45 минеn) | | |
| Барлығы: 200 аудиториялық сағат, 240 онлайн-сағат (1 сағат – 45 минут)<br>Бағдарлама бойынша барлығы: 440 академиялық сағат | | |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік
білім беру бойынша "Мектептің тұтас
педагогикалық процесіндегі
жалпыадамзаттық құндылықтар"
педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 2-қосымша

# Оқу-тақырыптық жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бірінші кезең "Жүректен жүрекке" (3 апта) | | | |
| Бірінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| I модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері | | | |
| | | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Замануи әлемдегі тұтас білім беруді дамытудың көкейтестілігі. | Заманауи әлемнің сұраныстары. Тұтас білім беру тұжырымдамасын ұғыну.<br>Болашақ мектебінің моделін жүзеге асыру үшін мұғалім не істеуі керек? | 8 |
| 2 | Тұтас білім беру тұжырымдамасының тарихы және заманауи дамуы. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Білім беру рухани-адамгершілік және интеллектуалдық болып бөлінуі қашан және қалайша пайда болды?<br>Мәселені заманауи жай-күйін зерттеу. Рухани ізгілік тұжырымдамасы. | 8 |
| 3 | Тұтас білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Сана арқылы оқыту. Сананың құрылымы, қабылданған ақпаратты бағалау және сананы тазартудың қажеттілігі. | 8 |
| 4 | Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің моделі.<br>Өзін-өзі тануды мектеп пәндеріне интеграциялау. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің теориялық моделін құрудың негіздері.<br>Өзін-өзі тану мен басқа пәндердің интеграциясы дегеніміз не және заманауи мектеп жағдайында қалай оны жүзеге асыруға болады?<br>Әріптестерімен тәжірибе алмасу. | 8 |
| 5 | Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің моделі.<br>Өзін-өзі тануды оқудан тыс іс-әрекеттер және қосымша білім берумен интеграциялау. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Өзін-өзі тану мен оқудан тыс іс-әрекеттердің интеграциясы дегеніміз не және заманауи мектеп жағдайында қалай оны жүзеге асыруға болады?<br>Әріптестерімен тәжірибе алмасу.<br>Өзін-өзі тану пилот мектептерінде өзін-өзі тануды оқудан тыс іс-әрекеттер және қосымша білім берумен интеграциялауды қалай жүзеге асыруға болады?<br>Өзін-өзі тану пилот мектебін бітірушінің моделін жасау. | 8 |
| Екінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 2 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері | | | |
| 1 | Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Абсолют ақиқат туралы ойлану. Заманауи мектебі жағдайындағы ақиқат жалпыадамзаттық құндылығына сәйкес қасиеттерді дамыту. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. | 8 |
| 2 | Жалпыадамзаттық құндылықтар ретіндегі дұрыс әрекет. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Дұрыс әрекеттің мәні туралы ойлану. Заманауи мектебі жағдайындағы дұрыс әрекет. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. Қалаулар үшін шек "үдемелі тұтыну" альтернатив философиясы ретінде. | 8 |
| 3 | Сүйіспеншілік – өзін-өзі танудың негізін қалаушы қағидат | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Заманауи мектебі жағдайындағы білім беру үресіне сүйіспеншілік энергиясын қалай біріктіруге болады? Педагогикадағы сүйіспеншілік дегеніміз не? Әріптестерімен тәжірибе алмасу. | 8 |
| 4 | Ішкі тыныштықтың және қиянат жасамаудың мәні. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Ішкі тыныштықтың және қиянат жасамаудың мәні туралы ойлану. Заманауи мектебі жағдайында ішкі тыныштық пен қиянат жасамауды қалай жүзеге асыруға болады? | 8 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Әріптестерімен тәжірибе алмасу. | |
| 5 | Мұғалім шынайы көшбасшы ретінде. Мұғалімнің өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар. | Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Өзінің жеке және кәсіби өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы туралы мәселелерді топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу.<br>Мәселелерді талқылау үшін топтар ұйымдастыру.<br>Шынайы көшбасшының қасиеттерін дамыту. Ойы, сөзі және іс-әрекеті бірліктегі шынайы көшбасшының риясыз қызмет етуі туралы мәселелерді топтарда талқылау. Әріптестерімен тәжірибе алмасу. | 8 |
| Үшінші апта | | | |
| 3 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі | | | |
| 1 | Бағдарлама идеясының арнасындағы мектептің даму жоспары.<br>Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің моделі. | 1. Өзін-өзі тану бойынша пилот мектептеріндегі әртүрлі пәндермен интеграцияланған элективтік курстардың бағдарламаларымен танысу.<br>2. "Өмір әдебі", "Адамзаттың рухани мұрасы", " Жалпыадамзаттық құндылықтар" "Отбасылық өмірдің әліппесі ", "Көшбасшылық мәдениет"<br>3. факультатив курстарының бағдарламаларымен танысу.<br>4. Тыңдаушылардың өз мектептерінде өзін-өзі тану бойынша пилот мектептерінің моделі элементтерін жүзеге асыру кезеңдерін жоспарлауы. | 8 |
| 2 | Бағдарлама идеясының арнасындағы мектептің даму жоспары.<br>Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің моделі. | 1.Қосымша білім беруден интеграцияланған үйірмелер мен клубтардың бағдарламаларымен танысу. 2. Сынып сағаттары мен әңгіме-сабақтардың тақырыптары және әзірлемелерімен танысу.<br>3. Тыңдаушылардың өз мектептерінде өзін-өзі тану бойынша пилот мектептерінің моделі элементтерін жүзеге асыру кезеңдерін жоспарлауы. | 8 |
| 3 | Рухани-адамгершілік білім беру бойынша мектептің мониторингі. | Рухани-адамгершілік білім беру бойынша мектептің мониторингісі. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруберу бағдарламасы тұрғысынан мектептегі мониторингті қалай жүзеге асыруға болады?<br>Сыныптағы ғылыми-практикалық зерттеу және оны өткізудің тәсілдері дегеніміз не? | 8 |
| 4 | Ғылыми-практикалық зерттеу дегеніміз не? | Сыныптағы ғылыми-практикалық зерттеу және оны өткізудің тәсілдері дегеніміз не? Ғылыми-практикалық зерттеулерді өткізу бойынша шағын жобаларды жоспарлау.<br>Жобаның мақсатына сәйкес мәліметтер жинау мен талдауды таңдау.. | 8 |
| 5 | "Құндылықтар практикасы" кезеңіне дайындық. | "Құндылықтар практикасы" кезеңіндегі тапсырмаларды орындауға дайындық, мектептің дамуын және қоғамдастық желінің дамуын жоспарлау, жоспарлау бойынша тренерлердің кеңесі. | 8 |
| Екінші кезең "Құндылықтар практикасы" (6 апта) | | | |
| Оқытудың "Құндылықтар практикасы" кезеңі келесі тапсырмаларды орындауды ұйғарады:<br>Мектептің бастапқы жәй-күйіне мониторинг жүргізу.<br>Мектеп мұғалімдерінің жұмысын жоспарлау.<br>Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің моделінің элементтерін жоспарлау және жүзеге асыру.<br>Өзгерістер енгізген үдерістердің нәтижелерін және салдарларын бағалау | | | |

| |
|---|
| Басқа мектептермен қоғамдастық желі арқылы байланыс орнату.<br>Ғылыми-зерттеу дипломдық жұмысын жазу.<br>Портфолио әзірлеу.<br>Ескерту: "Құндылықтар практикасы" кезеңін жүзеге асыруға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде әр тыңдаушыға тренерлер қатарынан тыңдаушыны асинхронды онлайн-форум құралдарымен қамтамасыз ететін және электронды пошта арқылы жеке хабарласу барысында қолдау көрсететін куратор бекітіледі. |
| Үшінші кезең "Жүректен жүрекке" (2 апта) |

| Аптадағы сабақтардың мазмұны | Бірінші апта |
|---|---|
| Бірінші апта<br>Апта назарында: өзіндегі, мектептегі болған өзгерістерді ойлау, тәжірибесімен бөлісу, диплом жұмысын жазуды және презентация үшін рефлексивті есепті және қорытынды бағалауды аяқтау. | 8 * 5 |
| Екінші апта<br>Қорытынды бағалау аптасы. Квалификациялық емтихан тапсыру. | 8 * 5 |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

# Өзін-өзі тану пәнінің оқытылу ахуалының жинақ кестесі

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Сабақтарға қатысу (орташа шартты ұпайлар): | |

| № | Мектеп № | Оқушылардың, мұғалімдердің жалпы саны | Өзін-өзі тану мұғалімдерінің саны | Оқулықтардың бар болуы | Мектептегі жалпы ахуал (шартты ұпайлар):<br>1. кабинеттің болуы және оның жай-күйі<br>2. мұғалімдерде сертификаттардың болуы<br>3. пәндегі интеграция<br>4. сабақтан тыс іс-әрекеттегі интеграция<br>5. әкімшілікпен әңгімелесу, сауалнама жүргізу<br>6. оқушылармен әңгімелесу<br>7. мектептегі атмосфера<br>8. мұғалімдермен әңгімелесу, сауалнама жүргізу ( рухани тереңдік) | 1. сабақтың рухани-адамгершілік тереңдігі(0-ден 2 ұпайға дейін)<br>2. мұғалімнің педагогикалық стилі (мұғалім стилін анықтау, егер гуманистік стиль басым болса 1 ұпайға дейін қойылады)<br>3. мұғалімнің шығармашылығы (1 ұпайға дейін қойылады)<br>4. әңгімелеу әдісін қолдануы (1 ұпайға дейін қойылады)<br>5. сабақ барысындағы музыка және ән салу (1 ұпайға дейін қойылады)<br>6. сабақ тәртібі (1 ұпайға дейін қойылады)<br>7. жұмыс дәптерін жүргізуі (1 ұпайға дейін қойылады) | Ұсыныстар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
|  |  |  |  |  |  |  |  |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | № 18 | 846 оқушы, 13 мұғалім | 13 мұғалім, 11 сертификатқа ие мұғалім | | Алмалы ауданы, № 18 мектеп | 1 сабақ | ұпайлар |
| | | | | | 1. + | 1 | |
| | | | | | 2. - | 2 | |
| | | | | | 3. + | 3 | |
| | | | | | 4. +- | 4 | |
| | | | | | 5. + | 5 | |
| | | | | | 6. | 6 | |
| | | | | | 7.<br>8. | 7 | |
| | | | | | 2. Мұғалімдерде серитификаттардың болуы көрсеткіші бойынша бағалау:<br>барлық өзін-өзі тану мұғалімдері мен ұ й ы м жетекшілерінде сертификаттар түгел болған жағдайда 1 ұпай қойылады.<br>ұйым жетекшісінің немесе өзін-өзі тану мұғалімінің бірінде сертификат болмаған жағдайда 0,5 ұпай қойылады.<br>ұйым жетекшісінде де, өзін-өзі тану мұғалімдерінде де сертификаттар мүлде болмаған жағдайда 0 ұпай қойылады.<br>3.Пәндегі ықпалдастық бойынша бағалау төмендегі көрсеткіштер негізінде сабаққа қатысу арқылы жүзеге асырылады:<br>жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы пәндерге интеграция | | Әрбір өлш бойынша қойылған ұпайлар қосындысы |
| | | | | | | | |
| | | | | | | 2 сабақ | Ұпайлар |
| | | | | | | 1 | |
| | | | | | | 2 | |
| | | | | | | 3 | |
| | | | | | | 4 | |
| | | | | | | 5 | |
| | | | | | | 6 | |
| | | | | | | 7 | |
| | | | | | | | Әрбір өлш бойынша қойылған ұпайлар қосындысы |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жүргізілген жағдайда 1 ұпай қойылады; пәндерге жартылай интеграция жүргізілген жағдайда 0,5 ұпай қойылады; пәндерге интеграция жүргізілмеген жағдайда 0 ұпай қойылады. 4. Сабақтан тыс іс-әрекеттегі ықпалдастық бойынша бағалау тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырылады: сабақтан тыс іс-шаралар мазмұнына интеграция жүргізілген жағдайда 1 ұпай қойылады; жартылай интеграция жүргізілген жағдайда 0,5 ұпай қойылады; интеграция жүргізілмеген жағдайда 0 ұпай қойылады. 5. Әкімшілікпен әңгімелесу, сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша бағалау "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруберу бағдарламасының рухани-адамгершілік тереңдігін түсіну деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады: бағдарлама мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігін түсінудің | | Әрбір саб бойынша қойылған ұпайларды орташа арифметика мәні. Мысалы: 1 сабақ – ұпай, 2 сабақ – ұпай, 3 сабақ – ұпай. Орташа ариметикал мән – (8+6+ =6,3 ұпай ( сабақтың |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жоғары деңгейіне ие болса, 1 ұпай қойылады;<br>бағдарлама мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігін түсінудің орташа деңгейіне ие болса, 0,5 ұпай қойылады;<br>бағдарлама мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігін түсінудің төмен деңгейіне ие болса, 0 ұпай қойылады.<br>6. Оқушылармен әңгімелесу, сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша бағалау "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруберу бағдарламасы туралы білімдердің дәрежесіне сәйкес жүзеге асырылады:<br>жалпы адамзаттық құндылықтар мен олардың өмірдегі мәні туралы түсінікке ие – 1 ұпай ;<br>жалпыадамзаттық құндылықтар мен олардың өмірдегі мәні туралы жартылай түсінікке ие – 0,5 ұпай;<br>- жалпыадамзаттық құндылықтар мен олардың өмірдегі мәні туралы түсінікке ие емес – 0 ұпай.<br>7. Мектептегі атмосфера көрсеткіші бойынша бағалау бақылау және әңгімелесу нәтижелеріне сәйкес жүзеге асырылады: | | қорытынды бойынша). Осындай тәсілмен 1 немесе одан көп сабақт орташа мә |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сүйіспеншілік, сенім , шабыттанған шығармашылық атмосферасының, өзін-өзі тану пәніне деген оң қатынастың болуы – 1 ұпай; сүйіспеншілік, сенім , шабыттанған шығармашылық атмосферасының, өзін-өзі тану пәніне деген оң қатынастың жоқ болуы – 0 ұпай. 8. Мұғалімдермен әңгімелесу, сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша бағалау "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруберу бағдарламасының рухани-адамгершілік тереңдігін түсіну деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады: бағдарлама мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігін түсінудің жоғары деңгейіне ие болса, 1 ұпай қойылады; бағдарлама мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігін түсінудің орташа деңгейіне ие болса, 0,5 ұпай қойылады; бағдарлама мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігін түсінудің төмен деңгейіне ие болса, 0 ұпай қойылады. | | есептеуге болады. |

| | |
|---|---|
| Ескерту: | Мектептің жалпы бағасы: 0-8 ұпай – қанағаттандырылаған |

| | |
|---|---|
| 6 және 7 бағанға 0; 0,5 немесе 1 ұпай қойылады. 7 бағанның 1 тармақшасына 0; 1 немесе 2 ұпай қойылады. 7 бағанның ұпайлары қосылып, орташа арифметикалық мәні шығарылады. 6 және 7 бағандардың жалпы ұпай сандары мектептің (бала бақша, колледж) жалпы ұпай санын береді. Мектеп (бала бақша, колледж) бойынша жалпы ұпай санының ең үлкен мәні – 16 ұпай. | 9-12 – жақсы<br>3-16 – үздік – пилоттық мектеп статусына сәйкес бағалау. |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бойынша "Мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

# Портфолионы бағалау критерийлері

| № | Тапсырма | Бағалау критериі |
|---|---|---|
| 1 | Мектептің бастапқы жәй-күйінің мониторингісі. | Мониторгті сауатты және сапалы өткізу.<br>Мониторгтің нәтижелерін рефлексивті талдау.<br>Мониторингтің өткізілгенін растайтын мектеп директорының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылған құжаттардың болуы. |
| 2 | Мектеп мұғалімдері мен жұмыстың жоспары. | Мектеп мұғалімдерімен жұмысты сауатты және сапалы жоспарлау.<br>Мектеп директорының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылған мұғалімдермен жұмыстың жоспарының болуы.<br>Лекциялар мен семинарлардағы мұғалімдердің пікірлері мен фотосуреттерінің болуы.<br>Мектеп директорының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылған өткізілген лекциялар мен пән мұғалімдерін, қосымша білім беру мұғалімдерін, сынып жетекшілерін және әкімшіліктің тұтас білім берудің моделін (интеллектуалдық және рухани-адамгершілік) жүзеге асыру мәселелеріндегі тыңдаушылардың жеке әдістемелік қолдауы туралы рефлексивті есебінің болуы. |
| 3 | Өзін-өзі тану бойынша пилот мектебінің моделі элементтерін жоспарлау және жүезе асыру. | Мектеп директорының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылған пилот мектебі моделінің элементтерін жүзеге асыру жоспарының болуы.<br>Мектеп директорының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылған жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп өткізілген интеграция сабақтары, үйірме жұмыстары, әңгіме сабақтары, сынып сағаттары, факултатив сабақтары, оқудан тыс жалпы мектептік іс-әрекеттер туралы рефлексивті есебінің болуы.<br>Оқушы мен мұғлімдердің қоғамға қызмет етуге, риясыз көмек көрсетуге және тағы баска бағытталған іс-әрекеттерінің көрінісі.<br>Жобаға қатысушылардың қосымша білім беруден сабақтарының бірінің бейне есебінің, фотосуреттері және пікірлерінің болуы.<br>Пилот мектебі моделінің элементтерін жүзеге асырудың рефлексивті есебінің болуы. |
| 4 | Өзгерістер енгізу үдерісі салдарының нәтижесін бағалау. " Құндылықтар практикасы" кезеңінің соңындағы мектептің | Бағдарламаның идеялары аспектісіндегі нәтижесін бағалау, өзгерістер енгізу үдерісінің салдарларын терең түсіну.<br>Қорытынды мониторингті сауатты және сапалы өткізу.<br>Мектептің қорытынды мониторгісінің нәтижелерін рефлексивті талдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | жәй-күйінің мониторингісі. | Мектептің қорытынды мониторингісін сауатты және сапалы өткізгені туралы мектеп директорының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылып, расталған құжаттардың болуы. |
| 5 | Желілік қоғамдастық арқылы басқа мектептермен байланыс орнату. | Мектептер желілері көлемінде тығыз ынтымақтастық және рухани білім беруді қолдау.<br>Рухани білім беру қоғамдастығындағы әріптестер мен қарым қатынасты құру және қолдау. Өзінің және басқа мектептердің желілерінде интеграциялау, нәтижелерін әзірлеу, енгізу, бағалау үдерісінде мектепті жақсартуға үлесінді қосу үшін шынай көшбасшының рөлін өзінің қабылдауы.<br>Мектеп желілеріндегі әріптестерімен, мектептегі әкімшілікпен және әріптестерімен сенімді қарым-қатынас құру, ұйымдастырушылық біліктерін көрсету.<br>Рухани-адамгершілік білім беру бойынша біріккен семинарлар, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізуге ынталандыру, үйлестіру және қатысу.<br>Тұтас білім берудің теорисы мен практикасы туралы ғылыми педагогикалық журналдардағы мақалалардың болуы.<br>Өзін-өзі тану бойынша пилот мектептерінің моделі элементтерін жүзеге асыратын мектеп желілерінің көмегінде әріптестерге көмектесу.<br>Мектептер желісіндегі іс-әрекеттер туралы рефлексивті есептің және желідегі мектеп директорларының немесе оның орынбасарларының қолы қойылып, мөрі басылып, расталған құжаттардың, желідегі қатысушылардың рухани-адамгершілік білім беру негізінде жаттықтырған іс шаралары туралы пікірлерінің, фотоесептің болуы. |
| 6 | Ғылыми-зерттеу диплом жұмысын жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын, болжамын, мақсат мен міндеттерін негіздеу.<br>Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін таңдауды негіздеу.<br>Жұмыстың теориялық және практикалық бөлімінің болуы.<br>Жұмыстың теориялық бөлімінде зерттеудің әдіснамалық негізі, Бағдарламаның теориялық негізін білуі және түсінуі, өзін-өзі танудың метапәндік рөлін рухани адамгершілік тұрғысынан түсінуінің тереңдігі, ұсынылған әдебиеттермен танысуы көрсетілуі тиіс.<br>Практикалық бөлімде ғылыми-зерттеу жұмысының барысы және алынған нәтижелердің талдауы, жалпыадамзаттық құндылықтарды іске асыру тәжірибесінің негізінде, өзін және өзінің жеке және кәсіби өміріндегі кездескен оқиғаларға реакциясын терең бақылауы, жалпыадамзаттық құндылықтарды іске асыру үдерісін жүзеге асыру барысындағы оқушылар мен мұғалімдердегі өзгерістердің бақылауы, болжамды дәлелдейтін мәліметтер, зерттеудің нәтижесі бойынша қорытынды болуы тиіс.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы.<br>Жұмыстың сауатты рәсімделуі: титулдық бет, мазмұны, кіріспе, теориялық бөлім, практикалық бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. |

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік
білім беру бойынша "Мектептің тұтас
педагогикалық процесіндегі
жалпыадамзаттық құндылықтар"

педагогикалық кадрлардың біліктілігін
арттыру курстарының білім беру
бағдарламасына 5-қосымша

## "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының үш курсының құрылымы мен прогрессиясы




Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
20 сәуірдегі 2016 жылғы
№ 293 бұйрығына
7-қосымша

## "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы" педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы " Бөбек" ҰҒПББСО, "Өрлеу" БАҰО АҚ қызметкерлеріне, жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы" оқыту курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – "Бөбек" ҰҒПББСО) әзірленді.

Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Бағдарламада "Бөбек" ҰҒПББСО, "Өрлеу" БАҰО АҚ қызметкерлерінің, жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген.

3. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты өзінің үлгі-өнегесімен оқушылар мен мұғалімдерді шабыттандыратын шынайы көшбасшының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын мұғалім тұлғасын қайта өзгерту, оның рухани-адамгершілік пікірлерін, жағымды ойлауын , ойдың, сөздің және істің бірлігін дамыту болып табылады.

4. Осы Бағдарлама қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## 2. Бағдарламаға шолу

5. Бағдарлама мақсаты:

"Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" Бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқытуға және ынтымақтастыққа дайын рухани-адамгершілік саналылықтың және теориялық-практикалық дайындықтың жоғары деңгейін иеленген тәжірибелі тренерлерді дайындау.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) Үш модуль контексінде "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" бағдарламасының теориялық негіздерін тұжырымдамалық түсінуді қамтамасыз ету.

2) Қазіргі мектеп жағдайында "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" бағдарламасының тұжырымдамалық идеяларын практикада табысты жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру:

"Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" бағдарламасы негіздеріне мұғалімдерді оқытуды жоспарлау және ұйымдастыру;

сабақтан тыс іс-әрекеттерде, жалпы білім беретін циклдағы басқа пәндерге және ата-аналармен жұмыста өзін-өзі танумен интеграциялау мәселелерінде өзін-өзі тану мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсету;

жеке және кәсіби өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде өзін-өзі бақылау және жеке тәжірибесіне талдау жасау;

"Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" бағдарласының негізгі идеяларын практикада жүзеге асыру үдерісінде мұғалімдер мен оқушыларда болған өзгерістерді бақылау және талдау жасау.

3) Тыңдаушыларды мұғалімдердің рухани-адамгершілік білім беру қауымдастығын ұйымдастыруға дайындау.

7. Оқыту нәтижелері:

1) Тыңдаушының "Өзін-өзі тану" пәнінің тәрбиелік рөлін терең түсінуі және тәжірибеде жүзеге асыру іскерлігі.

2) Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және өз ісімен оқушылар мен мұғалімдерді шабыттандыратын шынайы көшбасшының әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу.

3) Сондай-ақ, курс соңында тыңдаушылар келесі қабілеттерге ие болады:

"Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" курсының тыңдаушыларын келесідей оқытуды жүзеге асыру:

интерактивті дәрістер, семинарлар, талқылаулар, дөңгелек үстелдер өткізу;

мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;

жеке әңгімелесу және жеке кеңес беру.

мектептерде рухани-адамгершілік білім беруді келесі әрекеттердің көмегімен жандандыру:

өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесін және сабақтан тыс іс-әрекеттерде жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау және ата-аналармен жұмыс жүргізу мәселелерінде "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" тыңдаушыларына қолдау көрсету;

ойы, сөзі және ісі бірлікте өмір сүретін шынайы көшбасшының рөлін атқару;

әріптестерімен тілектестік кәсіби қатынас орнату;

жалпы мектептік тәрбие жұмыстарының аясында оқушылармен және мұғалімдермен рухани-адамгершілік мазмұнда концерттік бағдарламалар мен қайырымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу;

рухани-адамгершілік білім беру мұғалімдерінің қауымдастығын құру.

## 3. Бағдарламаның құрылымы

8. Бағдарламаның құрылымы оқытудың мақсатына және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының мазмұнына шолу жасаудан басталады. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты

айқындалған үш кезеңге құрылымдауға мүмкіндік береді (осы Бағдарламаның 1-қосымшасы "Оқу жоспарында", 2-қосымшасы "Оқу-тақырыптық жоспарында" сипатталған).

9. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтамақтастығына құрылады және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік береді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен, іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады

10. Бұл курста оқытудың келесі нысандары қолданылады: мультимедиалық презентацияны пайдалана отырып дәріс оқу, дәріс-диалог, практикалық сабақтар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" өткізу (4-6 адамнан тұратын шағын топтарда мәселелер талқылау), тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, консультациялар, сабақтарға қатысу және талдау, сабақтар және оқушылармен оқудан тыс іс-әрекет өткізу, Бағдарламаның түйінді идеялары аясында ата-аналар жиналысын және мектептің әдістемелік бірлестігінің мұғалімдеріне семинар өткізу.

11. Оқыту барысында тыңдаушыларға "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оқылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылауды ұйғарады.

12. Бағдарлама бойынша меңгерілген білімдердің тереңдігін анықтау үшін бірінші және екінші модульдер бойынша презентацияларды бағалау критерийлері айқындалған:

1) Бағдарламаның оқытылатын модулінің тұжырымдамалық негізін түсінуі;

2) модульдің теориялық негізін білу және ұсынылған әдебиеттермен танысуы ;

3) презентация тақырыбы бойынша тренерлердің қойған сұрақтарына сауатты жауап бере білуі;

4) академиялық талаптарға сәйкес сауатты, нақты және аргументті баяндауы;

5) тыңдаушының рухани-адамгершілік және интеллектуалды деңгейі, жалпы тұлғалық мәдениеті, әріптестерімен қарым-қатынасында және киіну стилінде этикалық нормаларды сақтауы;

6) сөйлеу мәдениеті, шешендік өнері, слайдтар әзірлеу кезінде іскерлік стилін сақтауы (алаңдататын әсерлерсіз, көру арқылы қабылдауға ыңғайлы).

13. Бұл курс білімдерді аралық және қорытынды бағалауды ұйғарады. Аралық бағалау тыңдаушылардың Бағдарламаның әрбір модулі бойынша үш жеке презентацияларын қорғауы негізінде жүзеге асырылады. Презентациялар топта (4-6 адам) қорғалады және үш балдық жүйе бойынша топпен және куратормен бағаланады.

14. Қорытынды бағалау портфолионы, портфолио мазмұны бойынша презентацияларды бағалауды, біліктілік емтиханының нәтижелерін қамтиды.

15. Портфолионы бағалау критерийлері:

1) мектеп бағдарламасындағы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін түсіну және ой елегінен өткізу;

2) оқушылар мен мұғалімдерді өзінің мысалдарымен шабыттандыратын, шынайы көшбасшы әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну және осы құндылықтарды өмірде басшылыққа алу;

3) мектеп практикасында әріптестерін оқыту арқылы "Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлін жүзеге асыру;

4) өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау және оқушылар мен мұғалімдерде болып жатқан өзгерістерді талдау мен бақылауды жүзеге асыру және де олардың зерттеуші-мұғалімнің күнделігінде көрініс табуы;

5) жалпыадамзаттық құндылықтар практикасындағы жеке тәжірибені және сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне өзін-өзі тануды интеграциялау нәтижелерін ой елегінен өткізу және талдау бойынша курстық жұмыс жасау.

## 4. Пәнге шолу

16. Жалпы орта білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану бойынша бағдарламалардың жаңаруы әзірлеу үдерісіне отандық білім беру саясатында рухани-адамгершілік басымдықтарды күшейту мақсатында кіргізілді.

17. Оқыту жоспарындағы барлық жаңартылған бағдарламалардың жалпы құрылымы "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізгі тұжырымдарымен танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңартылған оқыту жоспарларлы келесі қағидалардың негізінде педагогикалық кадрлардың құзыреттіліктерін кеңейтетін білім берудегі аксиологиялық тәсілдеменің дамуына мүмкіндік туғызады:

1) ізгілікке бағыттылық қағидасы бірінші орынға ізгілік идеялары мен бағдарларын шығаруды көздейді. Рухани-адамгершілік білім беру – тек оқушының емес, мұғалімнің де қайта өзгеруі, себебі құндылықтарды оқулықтан, шеберлікпен оқылған дәрістен тауып, меңгеру мүмкін емес, оларды тәжірибеде қолдану қажет;

2) жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасына сәйкес "Өзін-өзі тану" пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретіндегі мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Мұнда атап айтар жайт, " Өзін-өзі тану" пәнін оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік білім – діни емес, адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғаттарын бірлікте қарастыратын зайырлы білім;

3) әлеуметтік ынтымақтастық қағидасы тұлғаның адами қасиеттерінің толыққанды дамуына мүмкіндік беретін қосымша арнайы сабақтан тыс іс-әрекетке жүгінуді талап етеді;

4) ұлттық мұра қағидасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет арқылы тану қажеттілігін алға тартады;

5) табиғи сәйкестілік қағидасы тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын, адамның рухани табиғатының бірлігін ескереді.

18. "Өзін-өзі тану" пәні жүрекке арналған білім болып табылады, ол қазіргі білім беруді ішкі, рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға арналған. Білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамытып қоймай, ең алдымен, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Сол кезде адамның кемелдігінің таңы атады. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ой өрісі кең, қоғамға риясыз қызмет етуге қабілетті білімді адамдарға мұқтаж.

19. Өзін-өзі тануға оқыту оқушылардың бойында жағымды ойлау білігін, өзінің ойларына, сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік алуын, эмоцияларын қадағалауын, қарым-қатынас дағдыларын және риясыз қызмет етуін дамытады. Рухани-адамгершілік өзіндік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгілік құндылықтарды уақытшадан, шынайыны жалғаннан ажырата алады, өзінің білімдерін дұрыс пайдалана алады, бақытқа қол жеткізіп, басқа адамдарды да бақытты етеді.

20. Өзін-өзі тануды оқыту үдерісінде оқушылар:

1) адамның жоғары рухани табиғаты, бүкіл тіршіліктің бірлігі туралы білімдер алады;

2) өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін түсінеді;

3) жалпыадамзаттық құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйренеді;

4) алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады.

## 5. Оқу Бағдарламасын әзірлеу

21. Осы Бағдарлама құрылымы бойынша құрамдас болып табылады және оқу-әдістемелік материалдар кешені мен білімдік онлайн-платформадан тұрады.

22. Бағдарламаны меңгеру ұзақтығы – үш ай, үш кезеңге құрылымданған:

1) бірінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; төрт апта) Бағдарламаның түйінді идеяларына және олардың мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасайды;

2) екінші кезең – "Құндылықтар практикасы" (асинхронды оқыту; алты апта);

3) үшінші кезең – "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; екі апта).

23. Бірінші кезеңде тыңдаушыларға әрбір модульдің материалдарын зерделеп, модульдің бір тақырыбы бойынша презентацияларды қорғау міндеттеледі, жұмыс жеке дара орындаудан және әрбір модуль тақырыптарын топтық талқылаудан тұрады.

Бағдарламаның негізгі материалы тиісті сабақтарды зерделенетін үш модульге бөлінген. Осы модульдердің негізіне салынған идеялар өзара байланысты және өзара негізделген, сабақтарда қолданылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілімдемелер көптеген түрлі тақырыптардың идеяларын топтастырады.

Бағдарламаның үш модулі:

1) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері.

2) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасының аксиологиялық негіздері.

3) "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі.

4) тыңдаушының жеке және кәсіби тәжірибесі туралы терең ойлануына және талдауына, Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде 3-қосымша "3 модуль бойынша тапсырмаларды бағалау критерийлеріне" сәйкес жеке дара зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін бірнеше жазбаша тапсырмаларды орындау.

5) мектепте өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және топтық талқылау, жұмыс сабақты жеке дара бағалаудан және бірлескен топтық талқылаудан тұрады.

24. Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңі (асинхронды оқыту; 5-10 апталар).

25. Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінде Бағдарламаның негізгі идеялары сыныпта және тыңдаушының жеке өмірінде тәжірибе жүзіне асырылады. Аталмыш кезең екі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1) бірінші бағыт – алынған білімдерді күнделікті жеке өмірде және жалпыадамзаттық құндылықтарды сыныпта оқыту тәжірибесінде қолдану.

2) екінші бағыт – бірінші "Жүректен жүрекке" кезеңінде берілген " Құндылықтар практикасы кезеңінде орындауға арналған тапсырмалармен"

жұмыс жасау. 4-қосымша "Екінші "Құндылықтар практикасы" кезеңінің тапсырмаларын бағалау критерийлеріне" сәйкес тыңдаушының өміріндегі және оқыту тәжірибесіндегі өзгерістер оның мектептегі тәжірибесі кезеңінде жүйелі түрде бағаланады. Сондай-ақ, тыңдаушыға білім беру порталының көмегі арқылы тренерлер тарапынан қолдау (асинхронды оқыту) көрсетілетін болады.

26. Үшінші "Жүректен жүрекке" (дәрісханалық оқыту; 11-12 апталар) кезеңі мұғалімнің жеке өмірінде және оқытуда жүзеге асыратын өзгерістерді өзіндік және өзара рефлексиялауға, осы өзгерістердің нәтижелерін оқушылардың дамуына әсерін анықтау мақсатында өзіндік және өзара бағалауға бағдарланған. " Құндылықтар практикасы" кезеңі бойынша тыңдаушылардың жеке дара орындаған жұмыстарын тренерлер бағалап, ұсыныстар беретін болады. Сондай-ақ, қорытынды кезеңі барысында мұғалімдер жалпы білім беретін мектеп қабырғасында өзін-өзі тану сабақтарын және жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау арқылы сабақтан тыс жұмыстар өткізеді. Курстың соңында біліктілік емтиханы өткізіліп, қорытынды бағалар шығарылады.

"Сабақтағы жалпыадамзаттық
құндылықтар"
курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері
және өткізу практикасы" педагогикалық
кадрлардың біліктілігін арттыру
курсының білім беру бағдарламасына
1-қосымша

## Оқу жоспары

| № | Тараулардың атаулары | Сағат саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Дәріс | семинар | Практикалық сабақтар |
| I | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері. | 48 | 24 | 12 | 12 |
| II | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы мазмұнының аксиологиялық негіздері. | 40 | 24 | 12 | 4 |
| III | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі. | 72 | 16 | 24 | 32 |
| | Барлығы: | 160 | 64 | 48 | 48 |

"Сабақтағы жалпыадамзаттық
құндылықтар"
курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері
және өткізу практикасы" педагогикалық
кадрлардың біліктілігін арттыру
курсының білім беру бағдарламасына
2-қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| Бірінші апта | | | |
|---|---|---|---|
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері | | | |
| 1 | Практикалық сабақ.<br>"Бөбек" ҰҒПББСО - "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру орталығы. | "Бөбек" ҰҒПББСО қызметімен таныстыру. Тыңдаушыларды бір-бірімен таныстыру, командаларды топтастыру ойындары. Оқытудың табыстылығына ықпал ететін жағымды психологиялық ахуал туғызу. Бағдарламаға кіріспе, бағдарламаның басымдылықтары мен курсты өткізудің ережелері туралы көкейтесті ақпараттарға шолу. Кіріс сауалнамасын толтыру. | 4 |
| | Лекция.<br>Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білімнің басымдылығы туралы. | Қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Адамзаттың жалпығаламшарлық бірлігі. Дағдарыстардың түрлері. Адамзаттың жаһандық мәселелерін шешудің жолдары. Адамзаттың жаһандық мәселелерінің рухани-адамгершілік сипаты. Білім беру саласын руханилық, ізгілік және гуманитарландыру жағына жаңартудың, тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғысынан дамытудың жүйелерін табудың қажеттілігі. | 4 |
| 2 | Лекция.<br>"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының тарихи негіздері. | Әлемдік тарихи ретроспективадағы рухани-адамгершілік білім . Адамзаттың ұлы ұстаздарының өмірі мен ілімі (Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы, М.Монтень, Р.Декарт, Э.Кант және тағы басқалар).<br>Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білім (әл-Фараби, Ш.Құдайбердиев, Ы. Алтынсарин және тағы басқалар). Адамзаттың тарихи мұрасы ретіндегі барлық діндердің бірлігі. Адамзаттың рухани ұстаздарының барлығын біріктіретін жалпы ортақ нәрсені айқындайтын қорытындылар.<br>Топпен жұмыс: "Ш.Құдайбердіұлына хат жазамыз". | 4 |
| | Лекция.<br>"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері. | Классиктер рухани-адамгершілік білім туралы (Парменид, Гераклит, Сократ, Платон, Демокрит, әл-Фараби, Ш.Құдайбердиев, Д.И.Менделеев, К.Д.Ушинский, Я.Корчак, К.Г.Юнг, К.Р.Роджерс, А.Маслоу, В.А.Сухомлинский, Ш.А.Амонашвили). "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім Бағдарламасының қағидаттары. Сана арқылы оқыту. Сананың құрылымы туралы. Қабылданатын ақпаратты бағалау. Сананы тазарту. Шығармашылық әрекет ("Жалғыз адам не істей алады ?" ойыны). "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың шарттары. | 4 |
| 3 | Лекция.<br>Қазіргі білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа бағыттары . | Заманауи философиядағы рухани-адамгершілік білімге жаңа көзқарастар (А. Н.Нысанбаев, Г.Г.Соловьева, А.Г.Косиченко). Психологиядағы рухани-адамгершілік білімге жаңа көзқарастар (К.Г.Юнг, К.Роджерс, А. Маслоу, К.Уилбер және тағы басқалар). Адам тұлғасының құрылымы. Ақылдың табиғаты. Педагогиканың үш типі. Мұғалімнің үш стилі. Ш.А.Амонашвили педагогикасындағы рухани ізгілік. Ізгілік педагогикасының Манифесі. "Жердегі жұлдызшалар" (" Звездочки на земле") фильмінен үзінді көрсету. | 4 |
| | | Білімнің екі қанаты: сыртқы білім және ішкі білім. Ш.А.Амонашвили жанды, біртұтас білім туралы. Ғылымның жаңа постклассикалық емес философиясы. Нейрофизиология, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Лекция.<br>Өзін-өзі тану және басқа пәндердің интеграциясы. | биология, химия, физикадағы жаңа ашылулар. Сыртқы және ішкі интеграция. Интеграциялаудың жолдары. Ұлы ғалымдардың өмірлерінен мысалдар (И.Ньютон, Ч.Дарвин, М.Фарадей, А.Эйнштейн және басқалар). Гуманитарлық және жаратылыстану циклы пәндерімен интеграциялау мысалдары. Сумен тәжірибе көрсету. | 4 |
| 4 | Практикалық сабақ. | "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруді гуманитарлық цикл пәндеріне интеграциялау. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беруді жаратылыстану циклы пәндеріне интеграциялау.<br>Қосымша білім беру сабақтары. | 4 |
| | Лекция.<br>Өзін-өзі тану оқудан тыс іс-әрекеттер арқылы. | Оқудан тыс іс-әрекеттердің түрлері (спорт, драма үйірмесі, қызығушылығы бойынша клубтар, қайырымдылық акциялары, ақындар бұрышы, серуендер, спорт, ғылым күндері, пікірталас алаңдары және тағы басқалар). Оқудан тыс іс-әрекеттегі мұғалімнің шабыттандыратын мысалдары. Қайырымдылық акцияларын жүргізудің ережелері. Драма үйірмесіндегі қойылымдар үлгісі. Шығармашылық іс-әрекеттер (рөлдік ойын "Істеріміз сөзімізге сәйкес болуы тиіс пе?") Топтық іс-әрекеттер (жалпыадам-заттық құндылықтар тақырыбына қойылымдар). Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқудан тыс іс-әрекеттер жобасы. | 4 |
| 5 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның бірінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық. | 1 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс. Бірінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Бірінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 4 |
| | Семинар.<br>Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы. | 1модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 мин., талқылау 10-15 мин). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 4 |
| Екінші апта | | | |
| Күн № | Күнделікті сабақ тақырыптарының атауы | Күнделікті сабақтың қысқаша мазмұны | Сағат саны |
| 1 | Семинар.<br>Бағдарламаның бірінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылар презентациясы. | 1модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 мин., талқылау 10-15 мин). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 1 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 2 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының аксиологиялық негіздері | | | |
| | Лекция. | Тұлға құндылықтарының иерархиясы. Құндылықтардың тұлғалық жүйесі. Тұлға құндылықтары жүйесінің жіктелуі ( Власова Т.И., Толстова О.С., Петракова Т.И.). Жалпыадамзаттық абсолют құндылықтар. Жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау – ізгіліктілік көрінісіне жол. Жалпыадамзаттық құндылықтардың білім мазмұнына енгізілуі (И.Я.Лернер, В.Оконь, Л.Я.Зорина, А.Джумсаи Ш.А.Амонашвили, Д.М.Маллаев, С.А.Назарбаева және тағы | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | "Өзін-өзі тану" пәнін оқытудың аксиологиялық негіздері.<br>Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде. | басқалар). Жалпыадамзаттық құндылықтар және сананың құрылымы. Барлық болмыстың бастапқы табиғаты жөніндегі білім (А. Құнанбаев, К.Д.Ушинский, Мәшһүр Жүсіп Көпей және тағы басқалар). Шындықтың мәні туралы (П.П.Гаряев). Абсолют және салыстырмалы ақиқат. Шығармашылық іс-әрекет (көзді жұмып затты тану). Нағыз шындық – бұл ар-ұждан. | |
| | Лекция.<br>Сүйіспеншілік – өзін-өзі танудың негізін қалаушы қағидат. | Сүйіспеншіліктің түрлері. Сүйіспеншілік мәңгілік жалпыадамзаттық құндылық ретінде. Таза, риясыз Сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік энергиясы. Физиктер сүйіспеншілік энергиясы жөнінде не айтады? Сүйіспеншілік жолындағы кедергілер. Педагогикадағы сүйіспеншілік ( Я.А.Коменский, Н.Толстой, Я. Корчак, В.А.Сухомлинский). " Өзін-өзі тану" пәнін оқытудағы сүйіспеншілік. Сүйіспеншілікке толы өмірден мысалдар (Тереза ана, М.Ганди , Рейчел, Н.Вуйчич). Шығармашылық іс-әрекеттер: " Сүйіспеншілік энергиясын беру", "Ризашылық кристалы". | 4 |
| 3 | Лекция.<br>Дұрыс әрекет тәжірибесі өмірдің негізі ретінде. | Дұрыс әрекет – жалпыадамзаттық құндылық ретінде (Пифагор , Л.Н.Толстой, Махатма Ганди, Бауыржан Момышұлы, Индира Ганди). Дұрыс әрекетке оқытудағы білім беру үдерісінің мақсаттары. Дұрыс әрекетке тән қасиеттер. Парыз және ар-ұждан. Шығармашылық іс-әрекет (жақыныңа жәрдемдес). Әйел қағидаты туралы (әйел парызы). Болып жатқанға қарсыласпау, жазғырмау, байланып қалмау – адамгершілікті өмірдің үш қыры. Күнделікті өмірдегі дұрыс әрекет тәжірибесі . | 4 |
| | Лекция.<br>Ішкі тыныштық пен қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі. | Ішкі тыныштықтың мәні. Ақыл мен парасаттың (интеллект) табиғаты. Адамның жоғарғы рухани табиғаты тыныштық көзі ретінде. Ішкі тыныштыққа жету тәсілдері. Ойлану және ажырату. Даналық маржандары.<br>Шығармашылық іс-әрекет: "Ақылдың тыныштық күйінде сурет салу".<br>Қиянат жасамаудың сипаттық ерекшеліктері. Адамның өзіне қатысты қиянат жасамауы. Қазіргі әлемдегі қиянаттың себептері. Күнделікті өмірде қиянат жасамау тәжірибесі. " Өзін-өзі тану" пәнін оқытудағы қиянат жасамау. | 4 |
| 4 | Лекция.<br>Өзін-өзі танудағы мұғалімнің рөлі. | Ата-аналар мен мұғалімдер еліктеудің үлгісі ретінде ( А.Дистервег, Д.И.Менделеев Ш.Құдайбердиев). Оқушы – лаулататын алау. Мұғалім мамандығы – кәсіп пе, әлде шығармашылық па? Шығармашылық тапсырма: (Мен оқушыларға не бере аламын?) Януш Корчак – мамандықтағы құрбандық мысалы. Мұғалімдердің үш типі. Мұғалімдерге арналған ереже. Оқушыларға ақпарат жеткізудің тиімділігі. Мұғалім өміріндегі жағымды күйге келудің маңыздылығы туралы. | 4 |
| | Лекция.<br>Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері. | Қазіргі әлемде көшбасшылықтың өзектілігі. Ұлы рухани ұстаздар көшбасшылық туралы (Лао Цзы, әл-Фараби Ж.Баласағұни). Атақты және шынайы көшбасшылар мен қарапайым атақты көшбасшылардың арасындағы айырмашылық. Амбициялары қозғау салатын көшбасшылар мен идеялары қозғау салатын көшбасшылар арасындағы айырмашылық. Шынайы көшбасшылық тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының қосалқы нәтижесі ретінде. | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Риясыздық шынайы көшбасшылықтың негізі ретінде. Шынайы көшбасшының қасиеттері. Шынайы көшбасшылар мысалдары. | |
| 5 | Практикалық сабақ.<br>Бағдарламаның екінші модулі бойынша оқытушының қатысуымен өз бетінше дайындық. | 2 модульді оқытудың нәтижесі бойынша жалпы-лау сипатындағы кері байланыс. Екінші модуль бойынша тапсырмаларды шолу, топтық талқылау. Екінші модульдің тақырыптары бойынша тренердің жалпы және жеке кеңес беруі. | 4 |
| | Семинар.<br>Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушы-лардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 мин., талқылау 10-15 мин). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 4 |
| Үшінші апта | | | |
| 1 | Семинар.<br>Бағдарламаның екінші модуль материалдары бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 2 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушы-лардың жеке презентациясы. Power Point форматындағы презентация (7-10 слайд, баяндау 5-7 мин., талқылау 10-15 мин). Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 2 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 модуль. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі | | | |
| 2 | Лекция.<br>"Өзін-өзі тану" пәнінің құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілері.<br>Мастер-класс. | Өзін-өзі тану пәнінің құрылымы. Сабақты жоспарлау негіздері . Сабақтың мақсаты мен міндеттері, олардың жалпыадамзаттық құндылықтар және оның қасиеттерімен байланысы. Өзін-өзі тануды оқытудың әдістемелік тәсілдері. Әдістемелік тәсілдерді қолдану тәртібі. Сабақтың рухани-адамгершілік тереңдігі. Сабақтағы жағымды көңіл-күйге келудің маңыздылығы. Жағымды көңіл-күйге келудің түрлері. Өзін-өзі тану сабағында дәйексөзбен жұмыс істеу. Сабақ дәйексөздерінің мысалдары. Өзін-өзі тану сабағы жоспарының үлгісі. Өзін-өзі тану сабағын талдаудың үлгісі. " Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік бағдарламасы тұрғысынан мектеп мониторингі. | 4 |
| | Практикалық сабақ. | Гимназия оқушыларымен практикалық сабақ. | 4 |
| 3 | Практикалық сабақ. | Тыңдаушылардың гимназияда сабақ өткізуі. | 1 |
| | Лекция.<br>Әңгіме (аңыз) айту – оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үдерісіне тартудың тәсілі ретінде.<br>Мастер-класс. | Оқытудың диалогтық әдісі. Әңгіменің мақсаты. Классиктер әңгіме туралы (Сократ, әл-Фараби, М.Монтень, Ш.Құдайбердиев, В.А.Сухомлинский). Педагог кітапханасы. Әңгіме айту өнері. Әңгіме таңдау. Әңгімелердің дерек көздері. Шабыттандыратын әңгімелер мысалдары. Әңгіме айтуға қажет көрнекі құралдар. Әңгіменің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі. Әңгіме айтудың техникасы. Шығармашылық тапсырма (сюжетке қатысты сұрақтар құрастыру). Адамгершілік білімдерді меңгеру үдерісі кезіндегі мұғалім мен оқушының өзара әрекеті. | 4 |
| | Практикалық сабақ. | Гимназия оқушыларымен практикалық сабақ. | 3 |
| 4 | Практикалық сабақ. | Тыңдаушылардың гимназияда сабақ өткізуі. | 1 |
| | | Адам өміріндегі дыбыстар (Х.А.Лингерман, М.Холл). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Лекция.<br>Өзін-өзі тану сабақтарындағы ән айту және музыка.<br>Өзін-өзі тану сабақтарындағы шығармашылық және топтық іс-әрекеттер. | Музыканың өсімдіктерге әсері (Д.Ч.Боуз, Т.С.Н.Сингх, А.Локер, Д.Ретоллак). Музыканың жануарларға әсері (Инайат Хан, Гамельн флейташысы туралы аңыз). Музыканың адамдарға әсері (Д.Дайамонд, Х.А.Лингерман). Музыканың пайдалы қасиеттері. Музыка және оқыту (Р.Штайнер, Д.Годвин, П.Малфорд). Сабақтарға музыканы кіргізу әдістері ( музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету, музыка тыңдау, жағымды көңіл-күйге келуге арналған музыка). Шығармашылық іс-әрекет (музыканың түрлерін тыңдау). Хормен ән айту. Хормен ән айтудың пайдалы жақтары. Топтық іс-әрекет (сахналық қойылым көрсету, тестілеу, ойындар, топтық әңгіме). Шығармашылық жұмыс (әңгімеге иллюстрация, жағымды көңіл-күйге келуді көркем бейнелеу, суреттер арқылы құндылықтарды бейнелеу, өлең құрастыру және проза, жалпы топтық сурет). | 4 |
| | Практикалық сабақ. | Гимназия оқушыларымен практикалық сабақ. | 3 |
| 5 | Практикалық сабақ. | Тыңдаушылардың гимназияда сабақ өткізуі. | 1 |
| | Лекция.<br>Ата-аналармен байланыс – " Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын жүзеге асырудың қажетті шарты. | Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігі мен рөлі. Отбасындағы балаларға қарым-қатынас типтері. Отбасындағы өзара қарым-қатынас түрлерінің әрқилылығы. Әйелдер – рухани мәдениет бастауы. Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі. Ынтымақтастықта тәрбелеу. Жақсы отбасының қасиеттері. | 4 |
| | Практикалық сабақ. | Гимназия оқушыларымен практикалық сабақ. | 3 |
| Төртінші апта | | | |
| 1 | Практикалық сабақ. | Гимназиядағы өзін-өзі тану сабақтарына қатысу және талдау. | 4 |
| | Семинар.<br>3 модульдің материалдары бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 3 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушылардың жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 3 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 4 |
| 2 | Семинар.<br>3 модульдің материалдары бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 3 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушы-лардың жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 3 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 8 |
| 3 | Практикалық сабақ. | "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар" курсы тренерлері іс-әрекеттерінің негіздері | 4 |
| | Семинар.<br>3 модульдің материалдары бойынша тыңдаушылардың презентациясы. | 3 модульдің бір тақырыбы бойынша тыңдаушы-лардың жеке презентациясы. Топтық талқылау және сөйлеген сөздерін өзара бағалау. 3 модуль бойынша тыңдаушының жеке жұмысына тренердің ұсынымдары және бағалауы. | 4 |
| 4 | Практикалық сабақ. | Квалификациялық емтиханға өз бетінше дайындық. | 8 |
| 5 | Семинар. | Квалификациялық емтихан | 8 |

"Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар"
курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері
және өткізу практикасы" педагогикалық
кадрлардың біліктілігін арттыру
курсының білім беру бағдарламасына
3-қосымша

# Өзіндік тапсырмаларды бағалау критерийлері

| № | Тапсырма | Бағалау критериі |
|---|---|---|
| 1 | Үш өзін-өзі тану сабақтарын жоспарлау және өткізу. | Сабақтың мақсаты мен міндеттерін сауатты қою.<br>Сабақтың "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі (жағымды көңіл күйге келуді дұрыс өткізу, алдын ала үйден оқудың болуы, мұғалімнің аңыз немесе оқиға айтуы, шығармашылық немесе топтық іс-әрекеттерді дұрыс өткізу, сабақта музыка əн айтуды қолдану).<br>Мұғалімнің сабақта айту үшін таңдаған әңгімесінің рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Мәтіннің мазмұны негізінде әңгімені жалғастыру үшін өзара логикалық байланысқан сұрақтарды және жалпыадамзатық құндылықтарды жарыққа шығаратын мәнді сұрақтарды құрастыра білу.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы дағдыларын дамытуға сәйкес келетін шығармашылық, топтық іс-әрекеттердің және ән айтудың құндылық бағыттылығы.<br>Сабақтың мақсатында және сабақтың міндеттерінде көрсетілген қасиеттерді дамытудағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға негізделген құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.<br>Үш сабақтың жоспары және әрбір өткізілген сабақ туралы қысқаша рефлексивті есептің болуы. |
| 2 | Бағдарлама бойынша мұғалімдер үшін лекция жоспарлау | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде мұғалімдермен жұмысты терең түсіну.<br>Рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы және " Өзін-өзі тану" пәнінің метапәндік рөлі туралы мұғалімдермен семинар өткізу жоспарын сауатты әрі терең әзірлеу білігі.<br>Семинарға арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі. |
| 3 | Сыныппен оқудан тыс іс-әрекеттерді жоспарлау және өткізу. Тыңдаушылардың сынып жетекшісіне сынып сағаттары мен оқудан тыс іс-әрекеттерді өткізу мәселелері бойынша жеке әдістемелік қолдау көрсету. | Жобада оқушылар мен мұғалімнің қоғамға қызмет етуге, риясыз көмек көрсетуге бағытталған және тағы сол сияқты іс-әрекеттерінің көрініс табуы.<br>Осындай сипаттағы іс-әрекеттерді үнемі орындаудың қажеттілігіне ықпал ететін шарттарының болуы.<br>Сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жоба жоспарының болуы.<br>Сабақтан тыс іс-әрекеттер бойынша жобаны жүзеге асырудың рефлексивті есебінің болуы.<br>Сынып жетекшісін жеке әдістемелік қолдау туралы рефлексивті есептің болуы, онда Бағдарлама идеясы контексінде сынып жетекшісінің қажеттіліктері; атқарылған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы; болған өзгерістерді бақылаудың нәтижелері; әдістемелік қолдаудың табыстылық дәрежесін бағлау көрініс табуы тиіс. |
| | | Бағдарламаның түйінді идеялары аспектісінде ата-аналармен жұмысты терең түсінуі. |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Ата-аналар жиналысын жоспарлау. | Рухани-адамгершілік тәрбиесі және балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлінің маңыздылығы туралы әңгімені сауатты әрі терең әзірлеуі.<br>Ата-аналармен әңгімеге арналған қызықты интерактивті материал дайындау білігі.<br>Жиналыс жоспарының болуы. |
| 5 | Ізгілік педагогикасының классиктерінің бірінің адамгершілік өмір салты туралы және оның бір шығармасын оқудан алған жеке әсерлер жөнінде эссе жазу. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Ізгілік педагогикасы классигінің өмірінен оның ойы, сөзі және ісімен бірлікте өмір сүргенін дәлелдейтін оқиғалардың болуы.<br>Оқылған шығарманы рухани-адамгершілік көзқарастан, яғни Бағдарлама идеясы позициясынан қайта ой-елегінен өткізу.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінісі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 6 | Гуманист-педагог Ш.А. Амонашвилидің бір еңбегі бойынша пікір. | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Оқылғанға қатысты жеке позициясының көрінуі.<br>Мұғалімнің жеке өмірінде және педагогикалық іс-әрекеттерінде қолдана алатын оқылған шығармалар аспектілерінің талдауы мен көрінісі.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 7 | "Мені шабыттандырады...", "Мен шабыттандырамын..." тақырыптарына эссе жазу | Көлемі – екі беттен кем болмайтын А-4 форматы.<br>Берілген әдебиеттер бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау.<br>Мұғалімнің жеке практикасынан шабыттандыратын мысалдардың болуы.<br>Жеке тәжірибесін ой елегінен шығармашылық қайта өткізу және талдау.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы. |
| 8 | Жалпыадамзаттық құндылықтарды жалпы білім беру циклындағы пәндердің мазмұнында интеграциялау мысалдары. | 5 мысалдан кем емес интеграцияның болуы.<br>5 мысалдың – 3 мысалы жаратылыстану ғылымдары білім беру аймағынан, 2 мысалы гуманитарлық білім беру аймағынан интеграция.<br>Рухани-адамгершілік заңдарының және жаратылыстану ғылымдары әлемінің заңдарының бірлігін көре білу білігі.<br>Түрлі оқу пәндерінен жалпыадамзаттық құндылықтардың заңдарда, ережелерде және түсініктерде бейнеленуін көру білігі.<br>Келтірілген мысалдардың рухани-адамгершілік тереңдігі.<br>Барлық мысалдар авторлық болуы тиіс, яғни басқа дереккөздерден алынбауы тиіс. |
| | | Өзін-өзі танудың метапәндік рөлін түсінудің рухани-адамгершілік тереңдігі. |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Жалпыадамзаттық құндылықтарды жеке және кәсіби өмірде қолдану үдерісі кезінде өз бойындағы өзгерістерді бақылау негізінде жеке тәжірибені талдау арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың бірінен реферат жазу. | Бағдарламаның теориялық негіздерінен білімі және ұсынылған әдебиеттермен танысуы.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде болып жатқандарға өз реакцияларына жеке тәжірибелік терең талдау.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде кәсіби іс-әрекетінде болып жатқандарға өз реакцияларына өзін-өзі бақылау негізінде жеке педагогикалық тәжірибесіне терең талдау.<br>Жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы үдерісінде ішкі өзгерістеріне байқап, бақылау және жұмыста, жеке өмірінде ішкі өзгерістердің сыртқы жағдаятардың өзгеруіне қалайша әкелуін бақылау.<br>Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы.<br>Плагиаттың болмауы, басқа дереккөздерден қолданылған материалдарға сілтемелердің болуы.<br>Жұмыстың сауатты рәсімделуі: кіріспе, теориялық бөлім, практикалық бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК